

SVI™ 3

Жетілдірілген цифрлық позиционер

Пайдалану нұсқаулығы (ред. E)



Осы Нұсқаулық туралы

Осы пайдалану нұсқаулығы келесі аспаптар мен бекітілген бағдарламалық жасақтамаға қатысты:

- SVI3
 - 1.1.1 немесе одан анағұрлым кейінгі микробағдарлама нұсқасы
 - **ValVue™ бағдарламалық жасақтамасының 3.6** немесе одан жоғары нұсқасы
 - SVI3 DTM бағдарламасының 3.10 немесе одан кейінгі нұсқасы
 - SVI3 DD файлының 0101 немесе одан кейінгі нұсқасы

Осы нұсқаулықтағы ақпаратты Baker Hughes компаниясының жазбаша рұқсатынсыз толық немесе ішінара жаңғыртуға немесе көшіруге болмайды.

Бұл нұсқаулық ешқандай жағдайда позиционердің немесе бағдарламалық жасақтаманың тауар жарамдылығына, сондай-ақ оларды клиенттің нақты қажеттіліктеріне бейімдеу мүмкіндігіне кепілдік бермейді. Кез келген қателер туралы хабарлаңыз және осы нұсқаулықтың мазмұны бойынша сұрақтарды жергілікті жеткізушіге немесе valves.bakerhughes.com сайтына жіберіңіз.

ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТARTY

ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТА ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ЖАЛПЫ РӘСІМДЕРДІ ТОЛЫҚТЫРАТЫН ОПЕРАТОРЛАРҒА НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН МАҢЫЗДЫ АРНАЙЫ АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚАМТЫЛҒАН. ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПРИНЦИПТЕРІ ЕРЕКШЕЛЕНЕТІНДІКТЕН, BAKER HUGHES (ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ҮЛЕСТЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ) НАҚТЫ ПРОЦЕДУРАЛАРДЫ МӘЖБҮРЛЕП МІНДЕТТЕУГЕ ТАЛПЫНБАЙДЫ, ТЕК ЖЕТКІЗІЛЕТІН ЖАБДЫҚТЫҢ ТҮРІНЕ СӘЙКЕС БЕЛГІЛЕНГЕН НЕГІЗГІ ШЕКТЕУЛЕР МЕН ТАЛАПТАРДЫ ҰСЫНАДЫ.

ЫҚТИМАЛ ҚАУІПТІ ОРТАДА МЕХАНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЖАБДЫҚТЫ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ОПЕРАТОРЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ТҮСІНІГІ БАР ДЕП ҰЙҒАРЫЛАДЫ. СОНДЫҚТАН БҰЛ НҰСҚАУЛЫҚТЫ АЛАҢДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІМЕН, СОНДАЙ-АҚ АЛАҢДА БАСҚА ЖАБДЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚАТЫСТЫ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРМЕН ҚАТАР ҚАРАП, ҚОЛДАНУ КЕРЕК.

БҰЛ НҰСҚАУЛЫҚ ЖАБДЫҚТЫҢ БАРЛЫҚ БӨЛШЕКТЕРІН НЕМЕСЕ ВАРИАЦИЯЛАРЫН НЕМЕСЕ ЖАБДЫҚТЫ ОРНАТУҒА, ПАЙДАЛАНУҒА НЕМЕСЕ ОҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТУЫНДАУЫ МҮМКІН БАРЛЫҚ ЫҚТИМАЛ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚАМТУДЫ МАҚСАТ ЕТПЕЙДІ. ҚОСЫМША АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН, СОНДАЙ-АҚ МҰНДА ТАПСЫРЫС БЕРУШІ/ ОПЕРАТОР КӨЗҚАРАСЫ ТҰРҒЫСЫНАН ЖЕТКІЛІКТІ ДӘРЕЖЕДЕ ҚАМТЫЛМАҒАН ҚАНДАЙ ДА БІР ПРОБЛЕМА ТУЫНДАСА, BAKER HUGHES КОМПАНИЯСЫНА ХАБАРЛАСУ КЕРЕК.

BAKER HUGHES КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЖӘНЕ ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІҢ/ОПЕРАТОРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖАБДЫҚТЫ ЖЕТКІЗУ ШАРТЫНДА ТІКЕЛЕЙ ҚАРАСТЫРЫЛҒАНДАРМЕН ҚАТАҢ ШЕКТЕЛЕДІ. ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ ШЫҒАРУ BAKER HUGHES КОМПАНИЯСЫ ЖАБДЫҚҚА НЕМЕСЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ ДА БІР ҚОСЫМША МӘЛІМДЕМЕЛЕР НЕМЕСЕ КЕПІЛДІКТЕР БЕРЕДІ НЕМЕСЕ ҰСЫНАДЫ ДЕГЕНДІ БІЛДІРМЕЙДІ.

ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚ ТАПСЫРЫС БЕРУШІГЕ/ОПЕРАТОРҒА ОСЫНДА СИПАТТАЛҒАН ЖАБДЫҚТЫ МОНТАЖДАУДЫ, СЫНАҚТАН ӨТКІЗУДІ, ПАЙДАЛАНУДЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ОҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ЖЕҢІЛДЕТУ ҮШІН ҒАНА ҰСЫНЫЛАДЫ. ОСЫ ҚҰЖАТТЫ BAKER HUGHES КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЖАЗБАША КЕЛІСІМІНСІЗ БАСҚАЛАРҒА БЕРУ ҮШІН ТОЛЫҒЫМЕН, ІШІНАРА КӨШІРІП АЛУҒА БОЛМАЙДЫ.

Авторлық құқық

Мұнда қамтылған барлық ақпарат жариялау кезінде нақты болып табылады және хабарландырусыз өзгертіледі.

PN 720091351 Ред. Е.

Авторлық құқық 2023 Baker Hughes Company. Барлық құқықтар қорғалған.

Құжатқа енгізілген өзгерістер тізбесі

Нұсқасы/күні	Өзгерістер
- / 03.2021	Бірінші шығарылым.
A / 03.2021	Клапандардың онлайн-диагностикасы жөніндегі бөлім қосылды. Ресей мен Қытай үшін өңірлік мазмұн қосылды. Пайдалану және кәдеге жарату бөлімі қосылды.
B / 04.2021	Діріл әсерінің мәні қосылды.
C / 04.2021	Жарылыстан қорғау таңбаламасы EEx d таңбасынан Ex d таңбасына жаңартылды.
D / 01.2023	Модельдері нөмірленген кесте жойылды. Тот баспайтын болаттан жасалған корпусстың нұсқасы және теңіз жағдайында қолдануға арналған қосалқы бөлшектер жиынтықтары қосылды.
E / 11.2023	7.9-бөлім қосылды: Функционалдық мүмкіндіктер және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар

Мазмұны

ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТARTY	2
Авторлық құқық	2
1. Қауіпсіздік туралы ақпарат және стандарттар бойынша құжаттама	7
1.1 Қауіпсіздік техникасы таңбалары	7
1.2 SVI3 бұйымының қауіпсіздігі	7
1.3 Осы нұсқаулық туралы	12
1.3.1 Осы нұсқаулықта қолданылатын шартты белгілер	12
1.4 SVI3 бойынша ілеспе құжаттама	13
1.4.1 Masoneilan қолдау қызметінің контактілері	13
2. Кіріспе	15
2.1 Жалпы шолу	15
2.2 SVI3 ерекшеліктері	16
2.3 Физикалық және пайдаланушылық сипаттамасы	17
2.3.1 Жұмыс принципі	17
2.3.2 Электрониканың басты модулі	18
2.3.3 Пневматикалық модуль	18
2.3.4 Түймелері бар қосымша дисплей модулі	19
2.3.5 Қосымша модуль	19
2.4 ValVue бағдарламалық жасақтамасы	20
2.4.1 ValVue және SVI3 DTM бағдарламалық жасақтамасы	20
2.4.2 Masoneilan бағдарламалық жасақтамасын жүктеу	20
2.5 Кеңейтілген және онлайн-диагностика	20
3. SVI3 орнату және теңшеу	21
3.1 Физикалық өлшемдер	21
3.1.1 SVI3 өлшемдері	22
3.2 Орнатуға дайындық бойынша ұсыныстар	23
3.3 Орнату кезеңдері	23
3.4 Позиционерді монтаждау	25
3.4.1 Сүзгі-реттегіш және түтіктер	25
3.4.2 Айналмалы клапандарда SVI3 монтаждау	25
3.4.3 Ерекше жағдайлар	30
3.4.4 Ілгерілі-кейінді тетігі бар клапандарда SVI3 монтаждау	30
3.5 Құбырлар мен ауа беру желілерін қосу	34
3.5.1 Ауаны беруге қойылатын талаптар	35
3.5.2 Табиғи газ ортасында жұмыс істеуге арналған SVI3 қондырғысы	35
3.5.3 SVI пайдаланылған газ шығару коллекторы	35
3.6 SVI3 сымдарын қосу	36
3.6.1 Жарылыстан қорғалған қондырғылармен жұмыс істеудің талап етілетін әдістері	36
3.6.2 Қосылу бойынша ұсыныстар	36
3.6.3 Басқару контурына қосылу	37
3.6.4 Қосымша тақтаны қосу	38
3.6.5 Жүйелік қосылыстар	43

3.7	Қуатты қосу.....	47
3.7.1	Пневматикалық ашылатын және пневматикалық жабылатын жетектер	47
3.7.2	Қуатты қоспас бұрын.....	50
3.7.3	SVI3 қуатын қосу.....	50
4.	Цифрлық интерфейстерді пайдалану.....	51
4.1	Жалпы шолу.....	51
4.1.1	ValVue БҚ бар SVI3 DTM.....	51
4.1.2	HART коммуникаторларына арналған SVI3 DD.....	51
4.1.3	Жергілікті дисплей және түймелер	51
4.2	ValVue бар SVI3 DTM көмегімен баптау және калибрлеу.....	52
4.3	Жергілікті интерфейстер мен конфигурациялар	52
4.3.1	Түймелер.....	52
4.3.2	NAMUR мәртебесі	53
4.3.3	Түймелерді құлыптау және конфигурацияны құлыптау далдасасы.....	54
4.3.4	Аппараттық конфигурацияны құлыптау.....	55
4.3.5	Зияткерлік калибрлеуді орындау.....	55
4.3.6	NORMAL және MANUAL жұмыс режимдерінің мәзірі	56
4.3.7	VIEW DATA мәзірі	57
4.3.8	VIEW ERR диагностикалық хабарламалары.....	58
4.3.9	Баптаулар мәзірі.....	59
4.3.10	Калибрлеу мәзірі	63
4.3.11	Кіріс сигналының диапазонын баптау	65
4.3.12	FAILSAFE (істен шығудан қауіпсіз) режимі	66
4.4	HART протоколы бойынша байланысты пайдаланып SVI3 DD көмегімен тексеру.....	68
4.4.1	SVI3 DD мәзір құрылымы	69
4.4.2	Автобаптауды орындау	70
4.4.3	Шеткі тоқтау нүктелерін іздеуді орындау	70
4.4.4	Ашу кезінде тоқтау нүктесін реттеу.....	70
4.4.5	Диагностиканы орындау	70
4.4.6	Ақаулар туралы хабарламаларды қарау және қалпына келтіру.....	71
5.	Техникалық қызмет көрсету және ақауларды жою	73
5.1	SVI3 техникалық қызмет көрсету және жөндеу	73
5.1.1	Жөндеу.....	73
5.1.2	Қосалқы бөлшектер.....	74
5.2	Ішкі диагностика.....	76
5.2.1	Құрылғының күйін диагностикалау	76
6.	Техникалық сипаттамалар және анықтамалық құжаттар	89
6.1	Физикалық және пайдаланушылық сипаттамалары	89
6.1.1	Сақтау.....	95
6.1.2	Қорғаныс	95
6.1.3	Пайдалану.....	95
6.1.4	Кәдеге жарату.....	95
6.1.5	SVI3 модельдерін нөмірлеу	95
6.2	Модельдер мен сипаттамаларды салыстыру.....	97

7. Баптау және кеңейтілген пайдалану.....	99
7.1 Жауап беру жылдамдығын реттеу.....	99
7.1.1 Агрессивтілікті баптау туралы ескертпелер	99
7.2 Автобаптау мәселелерін іздеу және шешу	100
7.3 Герметикалық айыру.....	102
7.3.1 Ершік эрозиясынан қорғау үшін герметикалық айыруды қолдану	102
7.3.2 Жоғары қысымды сұйықтық шығару клапанының ысырмасында герметикалық айыруды қолдану.....	102
7.4 SVI3 DTM диагностикасын қолдану.....	102
7.4.1 Клапандардың онлайн-диагностикасы	103
7.4.2 Үздіксіз диагностика	109
7.4.3 Клапанның сильфонды тығыздауышын бақылау	109
7.4.4 Маңызды байланыс жүйелерінде жұмыс істеу, кавитацияның алдын алу үшін ысырма	109
7.4.5 Клапандарды диагностикалық сынау	109
7.5 Басқару жүйесіндегі SVI позиционері үшін тұрақтандырылған ток көзінің шығыс кернеуінің диапазонын анықтау	110
7.5.1 Ток көзінің шығыс кернеуінің диапазонын анықтау мақсатында сынауға арналған схема.....	110
7.6 HART басқару жүйесінің физикалық деңгейінің сәйкестігі	111
7.6.1 Импеданс бойынша шектеулер	111
7.6.2 Кедергілер бойынша шектеулер	111
7.6.3 HART үшін кабельдің ұзындығына байланысты сыйымдылық.....	112
7.6.4 HART сүзгісіне қойылатын талаптар.....	112
7.7 Бөлінген диапазонда қолдану	112
7.7.1 Бірнеше шығысы бар басқару жүйесі	113
7.7.2 Оқшаулағыштар.....	113
7.7.3 Қосымша қуат көзі	115
7.7.4 Сымдар мен қосылыстарды тексеру	115
7.8 Ұшқын қауіпсіз контуры бар HART протоколы бойынша байланыс	116
7.8.1 Жалпы шолу	116
7.8.2 HART тосқауылының сәйкестігі	117
7.8.3 Шығыс арналарын оқшаулау.....	118
7.9 Функционалдық мүмкіндіктер және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.....	119
7.9.1 Қолданылатын стандарттар	119
7.9.2 Терминдер мен қысқартулар.....	119
7.9.3 Кіріспе.....	121
7.9.4 SVI3 құрылғысының сипаттамасы.....	121
7.9.5 SVI3 көмегімен SIF жобалау.....	121
7.9.6 Орнату, пайдалану, техникалық қызмет көрсету.....	123
7.9.7 Бақылау сынақтары.....	124

1. Қауіпсіздік туралы ақпарат және стандарттар бойынша құжаттама

Бұл бөлімде қауіпсіздік техникасы туралы ақпарат, соның ішінде SVI3-те қолданылатын қауіпсіздік таңбалары, сондай-ақ қауіпсіздік таңбалары бойынша түсініктемелер бар.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жабдықты орнату және пайдалану алдында осы бөлімді мұқият оқып шығыңыз.

1.1 Қауіпсіздік техникасы таңбалары

SVI3 бойынша нұсқауларда сізді қауіпсіздік техникасы талаптары немесе басқа да маңызды аспектілер туралы хабардар ету үшін ескертулер, сақтандырулар және ескертпелер бар. Қауіпсіз жұмысты қамтамасыз ету үшін ЕСКЕРТУ және НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ тақырыптарының астындағы барлық нұсқауларды мұлткісіз орындау қажет.



ЕСКЕРТУ

Егер алдын алуы мүмкін болмаса, ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін ықтимал қауіпті жағдайды көрсетеді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер алдын алуы мүмкін болмаса, жабдықтың бұзылуына немесе деректердің жоғалуына әкелуі мүмкін ықтимал қауіпті жағдайды көрсетеді.

Ескертпе. Маңызды фактілер мен шарттарды көрсетеді.

1.2 SVI3 бұйымының қауіпсіздігі

Қауіпсіздік техникасы бойынша жан-жақты нұсқаулар ES817 бұйымының қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулығында келтірілген. SVI3 клапанының сандық позиционері тек өнеркәсіптік сығылған ауа немесе табиғи газ жүйелерінде пайдалануға арналған (35-беттегі «Табиғи газ ортасында жұмыс істеу үшін SVI3 қондырғысын» қараңыз).

Егер жүйеге қысым беру перифериялық жабдықтың істен шығуына әкелуі мүмкін болса, қысымды босату үшін тиісті құралдарды қарастырыңыз. Монтаждау, сығылған ауамен және БӨА-мен жұмыс істеу жөніндегі жергілікті және ұлттық нормативтерге сәйкес жүргізілуі тиіс.

Орнату, техникалық қызмет көрсету немесе ауыстыру кезіндегі жалпы ережелер

- Бұйымдарды жергілікті және ұлттық нормалар мен стандарттарға сәйкес, білікті персонал объектіде жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістерін қолдану арқылы орнатуы тиіс. Қабылданған қауіпсіз жұмыс әдістеріне сәйкес, жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) қолдану керек.
- Объектіде жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістеріне сәйкес биіктікте жұмыс істеу кезінде құлаудан қорғау құралдарын тиісінше қолдануды қамтамасыз ету қажет. Монтаждау кезінде аспаптар мен жабдықтардың құлауын болдырмау үшін қолданылатын құралдар мен әдістерді пайдалану керек.
- Штаттық жұмыс режимінде берілетін сығылған газ SVI3-тен қоршаған ортаға шығарылады және қосымша сақтық шараларын немесе арнайы қондырғыларды қолдану қажет болуы мүмкін.
- Монтаждау және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын тек білікті персонал орындауы керек. SVI3 жөндеу осы нұсқаулыққа кірмейді және оны MARC (Masoneilan Authorized Repair Center) уәкілетті жөндеу орталығында орындау керек.
- Су мен шаңның енуінен қорғау үшін сертификатталған сым тығыздағыштар қажет, ал 1/2 дюймдік NPT бұрандалы арматура су мен шаңның енуінен қорғаудың ең жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін таспамен немесе бұрандалы герметикпен бітелуі керек. Монтаждау кезінде шаңның деңгейі ескерілгеніне көз жеткізіңіз.
- Электр сымдары мен құбыржолдар осы типтегі бұйымдарды монтаждауға қолданылатын жергілікті және ұлттық стандарттарға сәйкес келуі керек. Сымдар, қайсысы үлкен екеніне байланысты, қоршаған ортаның максималды температурасынан кемінде 85 °C (185 °F) немесе 5 °C (41 °F) жоғары температураға есептелуі керек.
- Аймақтардың жіктелуі, қорғаныс түрі, температура класы, газ тобы және енуден қорғау затбелгіде көрсетілген талаптарға сай болуы керек.
- Монтаждау немесе пайдалану уақытында кез келген сәтте клапан, жетек немесе позиционер күтпеген жерден жылжып кетуі мүмкін.

Ұшқынқауіпсіз монтаждау

Жарылыстан қорғалған, отқа төзімді жабдық ретінде немесе ұшқынқауіпсіз қондырғыларда пайдалану үшін сертификатталған бұйымдар келесі талаптарға сай келуі ТИІС:

- Орнату, пайдалануға беру, пайдалану және техникалық қызмет көрсету жергілікті және ұлттық нормалар мен ережелерге, сондай-ақ ықтимал жарылу қаупі бар орталардағы жұмысты регламенттейтін қолданыстағы стандарттағы ұсыныстарға сай орындалуы тиіс.

Тек осы құжатта берілген сертификаттау шарттарына сәйкес келетін жағдайларда және мақсатты пайдалану аймағына және рұқсат етілген ең жоғары қоршаған орта температурасына сәйкестігін тексергеннен кейін ғана қолданылуы тиіс.

Монтаждауды, пайдалануға беруді, пайдалануды және техникалық қызмет көрсетуді ықтимал жарылыс қаупі бар атмосфералы аймақтарда пайдаланылатын аспаптармен жұмыс істеу бойынша тиісті оқытудан өткен білікті және құзыретті мамандар орындауы тиіс.



ЕСКЕРТУ

Бұл бұйымдарды сұйықтықтармен/ауадан өзгеше сығылған газдармен қолданар алдында немесе өнеркәсіптік емес мақсатта қолдану үшін дайындаушы зауытпен кеңесіңіз. Бұл бұйым тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінде пайдалануға арналмаған.

Белгілі бір жұмыс жағдайында, зақымдалған аспаптарды пайдалану жүйе сипаттамасының нашарлауына, сонымен қатар жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Оттегіден басқа газдар болуы мүмкін нашар желдетілетін жабық үй-жайларда орнату салдарынан персонал тұншығуы мүмкін.

Жабдықты абайлап қаптамадан шығарыңыз және оның зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Қандай да бір зақым болған жағдайда, өндірушіге хабарлаңыз.

Бұйымдардың еуропалық директивалардың негізгі қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін өндіруші жеткізетін түпнұсқа қосалқы бөлшектерді ғана пайдаланыңыз.

Техникалық сипаттамаларға, конструкцияға және компоненттерге енгізілген өзгерістер бұйым функциясы мен жұмыс сипаттамасына ықпал етпесе, бұл нұсқаулық өзгертілмеуі мүмкін.

Қауіпсіздік техникасы бойынша жан-жақты нұсқаулар ES817 бұйымының қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулығында келтірілген.



ЕСКЕРТУ

Осы нұсқаулықта келтірілген талаптарды орындамау адам шығыны мен материалдық нұқсанға әкелуі мүмкін.



ЕСКЕРТУ

Осы аспапқа қатысты кез келген техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орнату, пайдалану немесе орындау алдында НҰСҚАУЛАРДЫ МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ.



ЕСКЕРТУ

Реттеуші клапанда позиционерді орнату немесе ауыстыру кезінде жарақаттануды немесе технологиялық процестің бұзылуын болдырмау үшін:

- *Монтаждау немесе пайдалану уақытында кез келген сәтте клапан, жетек немесе позиционер күтпеген жерден жылжып кетуі мүмкін.*
- *Егер клапан қауіпті аймаққа орнатылса, қандай да бір қақпақты шешпес бұрын немесе сымдарды ажыратпас бұрын бұл аймақтың қауіпсіз сертификатталғанына немесе сол аймақтағы барлық электр қуатының өшірілгеніне көз жеткізіңіз.*
- *Жетекке және клапанда монтаждалған барлық жабдыққа ауа беруді тоқтатыңыз.*
- *Технологиялық желіні жабу немесе байпас клапандарын пайдалану арқылы клапанды технологиялық процестен ажыратыңыз. Жұмыс кезінде олардың қосылуын болдырмау үшін тиек немесе байпас клапандарын ескерту тақтайшаларымен белгілеңіз.*
- *Жетектен ауаны шығарыңыз және клапанның токман ажыратылған күйде екеніне көз жеткізіңіз.*

Ескертпе. SVI3 бұрандалы шетжақ қақпағы қауіпті аймақтарда қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды компоненті болып табылады. Қауіпсіз жұмыс пен дұрыс тығыздауды қамтамасыз ету үшін қақпақтың бұрандаларын корпуста толығымен қатайту керек, бұл ретте қақпақтың ернемегінің аймағы корпуста тығыз тақалады, ал қақпақтың босап кетуіне жол бермеу үшін тоқтатқыш бұрама қақпаққа кері тартылады.



ЕСКЕРТУ

Клапанды технологиялық желіден оқшаулаңыз және ауа түтігін позиционерден ажыратыңыз. Жабдыққа зақым келтірмеу және жарақат алмау үшін ауа беруді толығымен өшіріңіз.



ЕСКЕРТУ

Ненің төмен екендігіне байланысты, жетектің максималды қысымынан немесе максималды беру қысымынан (120 фунт/шаршы дюйм) аспаңыз. Шекті қысымнан асып кетсе, жабдық зақымдануы немесе персонал жарақат алуы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Пневматикалық фитинглердегі құбыр бұрандаларын бітеу үшін таспаны пайдаланбаңыз. Ол аспаптың дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін ұсақ бөлшектерге бөлінуі ықтимал.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қатырылмаған герметиктің ауа желілеріне енуіне жол бермеу үшін бұранданың бірінші және екінші жіптерінен артық құбыр бұрандасы үшін герметиктің артығын алып тастаңыз.

Ескертпе. SVI3 клапанының сандық позиционері ANSI-ISA-57.3 1975 (R1981) немесе ISA-S7.3-1975 (R1981) талаптарына сәйкес таза, құрғақ, майсыз аспаптық сапалы ауамен немесе күкіртсіздендірілген табиғи газды берумен жұмыс істеуге арналған.

Ескертпе. Шағын жетектер үшін мыналар қажет болуы мүмкін:

- Автотеңшеудің дұрыс жұмысы үшін 1/8" түтіктерін қолданыңыз.
- SVI-ге беру желісіне рұқсатсыз араласудан қорғалған реттелетін инелі клапанды орнатыңыз; автотеңшеу іске қосылуы үшін клапанды жабық күйде реттеңіз. Содан кейін, клапан теңшелімін кездейсоқ немесе әдейі өзгерту мүмкін болмайтындай етіп бұғаттаңыз.



ЕСКЕРТУ

Монтаждау немесе пайдалану уақытында кез келген сәтте клапан, жетек немесе позиционер күтпеген жерден жылжып кетуі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер контроллер HART хаттамасымен үйлесімді болмаса немесе HARTHART® сүзгісі болмаса, HART® модемі мен ДК-ді басқару тізбегіне қоспаңыз. Егер контроллердің шығыс тізбегі HART® сигналдарымен үйлесімді болмаса, басқару жоғалуы немесе технологиялық процесс бұзылуы мүмкін.

Монтаждау жұмыстары, қауіпті аймақтарға арналған ережелерге сәйкес оқытылған мамандарды тарта отырып, зауыттың жергілікті электртехникалық нормалары мен стандарттарына сәйкес орындалуы тиіс. ДК-ді немесе HART® модемін ұшқынқауіпсіз тізбекке тек тосқауылдың қауіпсіз жағында ғана қосыңыз. ДК-ді жергілікті және зауыттық нормаларды сақтамай, қауіпті аймақта пайдаланбаңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Басқару тізбегі HART® хаттамасымен үйлесімді болуы немесе онда HART® сүзгісі орнатылуы тиіс. Контроллер және ҮБЖ өндірушілеріне хабарласыңыз. «Ішіндегі контроллердің шығысы жерден тоққа сезімтал резистормен немесе басқарушы транзистормен бөлінеді. Екі арналы тосқауылдар контурда шамадан тыс кедергі түзеді және кернеудің жұмыс ауқымына сәйкестік мәселелерін тудырады. Ұшқынқауіпсіз гальваникалық айрық оқшауланған, жерге тұйықталған немесе жерден бөлінген шығыс арналарының барлық үш түрімен жұмыс істейді және кернеудің жеткілікті жұмыс ауқымын қамтамасыз етеді. Егер ART® хаттамасы бойынша қосылыстарға айрықтың қауіпсіз жағында қолдау көрсетілсе, гальваникалық айрық өндіруші тарапынан HART® хаттамасымен үйлесімді деп сертификатталуы керек. «Қауіпті аймақтарда пайдалануға рұқсат» бөлімінде көрсетілген SVI3 I.S. қорғаныс санаты бойынша параметрлермен пайдалануға арналған құрылғылар бойынша тосқауыл және гальваникалық айрық өндірушісімен кеңесіңіз.

- Электр жұмыстарын орындаудың қолданыстағы мемлекеттік және жергілікті ережелерін сақтаңыз.
- Жарылыс қаупі бар ортада жұмыс істеудің жергілікті және мемлекеттік ережелерін сақтау қажет.
- Құрылғымен жұмысты бастамас бұрын, қуатты өшіріңіз немесе ықтимал жарылысқа қауіпті атмосферасы бар жергілікті шарттар қақпақты қауіпсіз ашуға мүмкіндік беретініне көз жеткізіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Төмен омыдық кернеу көзін пайдалану SVI3 зақымдалуына әкеледі. SVI3 кірісі токпен бақыланатын көз болуы керек. SVI3 тікелей кернеу көзіне қосылған кезде қалыпты жұмыс істемейді. Алайда, 30 В дейінгі кернеуі бар ток көзіне тікелей қосылу SVI3-ке зиян тигізбейді. Дұрыс ток көзі токты В-та емес, МА-де реттеуге мүмкіндік береді.

Ескертпе. SVI3 қосылған кезде электр кіріс сигналын берер алдында ауаны беру ұсынылады.

1.3 Осы нұсқаулық туралы

SVI3 пайдалану нұсқаулығы тәжірибелі дала персоналына SVI3-ті дұрыс орнатуға, теңшеуге және калибрлеуге көмектесуге арналған. Бұл нұсқаулықта SVI3 бағдарламалық жасақтамасы, цифрлық интерфейстер, жұмыс, ұшқын қауіпсіздігі конфигурациялары және техникалық сипаттамалары туралы толық ақпарат та бар. Егер сізде осы нұсқаулықта сипатталмаған мәселелер туындаса, зауытқа немесе жергілікті өкілдікке хабарласыңыз. Сату кеңселері осы нұсқаулықтың артқы мұқабасында көрсетілген.

1.3.1 Осы нұсқаулықта қолданылатын шартты белгілер

Осы құжатта мынадай шартты белгілер қолданылады.

- Курсивпен бөлектелген бас әріптер SVI3 дисплей терезесінде қолданылатын терминге сілтеме жасағанда қолданылады. Мысалы, «режим» терминін теңшелім режиміндегідей белгілегенде және дисплей/бағдарламалық жасақтама жұмысына сілтеме жасағанда режимді барлық бас әріптермен жазу қабылданған: РЕЖИМ.
- Курсив маңызды ережелерге назар аудару үшін де қолданылады.
- Деректерді енгізу өрістері және пайдаланушы енгізетін деректер курсивпен бөлектеледі.
- Түймелермен, құсбелгілермен және т.б. орындалатын іс-әрекеттер қалың қаріппен бөлектеледі. Мысал: «Орындалды» түймесін басыңыз.

Ескертпе. Маңызды фактілер мен шарттарды көрсетеді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тиісті шаралар қолданылмаса, жабдықтың немесе деректердің зақымдалуына әкелуі мүмкін ықтимал түрде қауіпті жағдайды білдіреді.



ЕСКЕРТУ

Тиісті шаралар қабылданбаған жағдайда өлімге немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін ықтимал қауіпті жағдайды білдіреді.

1.4 SVI3 бойынша ілеспе құжаттама ақпараттық орталықтың сайтында қолжетімді: <https://valves.bakerhughes.com/resource-center>

- ValVue бағдарламалық жасақтамасы бойынша құжаттама: SVI3 DTM әртүрлі бағдарламаларда жұмыс істейді (мысалы, PACTware), бірақ біздің ValVue3 бағдарламалық жасақтамamızбен жақсырақ жұмыс істейді. Masoneilan ValVue3 бағдарламалық жасақтамасы бойынша нұсқаулықты (№ 31426) қараңыз.
- Masoneilan SVI3-пен жұмысты бастау туралы қысқаша нұсқаулық (№34605)
- Masoneilan SVI3 DTM бағдарламалық жасақтамасы бойынша нұсқаулық (№34569)

1.4.1 Masoneilan қолдау қызметінің контактілері

- Электрондық пошта: svisupport@bakerhughes.com
- Телефон: 888-SVI-LINE (888-784-5463)

Бұл бет әдейі бос қалдырылды.

2. Кіріспе


2.1 Жалпы шолу

Masoneilan™ SVI3 құрылғысы — бұл қосымша жергілікті дисплей мен қашықтықтан байланысу мен диагностикалау мүмкіндіктерін біріктіретін HART® хаттамасына негізделген, өнімділігі жоғары цифрлық клапан позиционері. SVI3 қосымша тақтасы құрылғыға тапсырмалардың анағұрлым кең ауқымын орындауға мүмкіндік береді.

Қосымша түйме мен СК-дисплей калибрлеу және конфигурация функцияларын өз орны бойынша басқаруға мүмкіндік береді. Қашықтағы операцияларды ValVue бағдарламалық жасақтамасы немесе SVI3 (DD) құрылғысының сипаттама файлы алдын ала жүктелген, HART® хаттамасымен үйлесімді кез келген басты құрылғы арқылы жасауға болады.

SVI3 DTM және ValVue3 Masoneilan бағдарламалық жасақтамасы реттеу клапандарын теңшеуді және диагностикалауды жеңілдетеді. Оны сайттан жүктеуге болады

<https://valves.bakerhughes.com/resource-center>.



1-сурет — SVI3 позиционері

2.2 SVI3 ерекшеліктері

SVI3 клапанының цифрлық позиционері (1-суретті қараңыз) үй ішінде немесе сыртында, агрессивті өнеркәсіптік немесе теңіз ортасында орнатуға жарамды және келесі айрықша ерекшеліктерге ие:

- Ерекше дәлдік
- Абсолютті цифрлық дәлдік
- Клапанның орналасуын автотөңшеу
- Қосымша жарылыстан қауіпсіз түймелер мен цифрлық СК-дисплей көмегімен жергілікті басқару/калибрлеу/конфигурацияны теңшеу
- Айналым және ілгерілі-кейінді тетігі бар реттеу клапандары үшін магниттік байланысы бар түйіспесіз күй датчигі (Холл әсері)
- АTEX, IEC, АҚШ және Канада стандарттары бойынша қауіпті аймақтарда қолдануға бірыңғай рұқсаттар, басқа рұқсаттар сұраныс бойынша беріледі
- ValVue бағдарламалық жасақтамасының көмегімен клапандардың кеңейтілген диагностикасы
- Клапанның күйін дәл, жылдам, ықыласты түрде басқару
- Теңшелетін жоғарғы және төменгі шекті күйлер
- HART® 7
- Бір жақты әрекет
- Қосымша платасы бар қашықтағы күй датчигі
- Ерекше сенімділік
- Клапанды автоматтандырылған түрде іске қосу
- Айналым және ілгерілі-кейінді тетігі бар клапандарға арналған бір модель
- «Пневматикалық жабу» немесе «пневматикалық ашу» типті жетектермен үйлесімділік
- Жылжымалы біліктері, білік өткелдері жоқ жоқ герметикалық корпус және толығымен герметикалық электроника
- Онлайн-диагностикаға арналған жергілікті күй монитору: сояуыштың толық жүрісі, клапанның жұмыс циклдарының саны, профилактикалық техникалық қызмет көрсету деректері
- Құрылғыда 1 жыл бойы деректерді сақтайтын КПЭ клапандарының онлайн-диагностикасы
- Пайдаланушы теңшейтін жауап беру уақыты
- Бөлінген диапазонда пайдалану мүмкіндігі
- Жетек өлшеміне қарамастан оңтайландырылған өнімділік
- Реттелетін кіріс сигналында пайдаланушы теңшейтін герметикалық айыру
- HART® хаттамасы бойынша қашықтан басқару. ValVue бағдарламалық жасақтамасын немесе HART® ықшам коммуникаторын пайдаланып калибрлеу, конфигурацияны теңшеу және диагностикалау
- Сызықтық және сызықтық емес сипаттамалары бар жүйелер үшін клапанның жүріс параметрлерін анықтау
- Қосымша тақта арқылы пайдаланушы әртүрлі күй және дабыл жалауларымен байланыстыратын екі түйіспелі шығыс
- Қосымша түймелі дисплей
- Қауіпсіз жерге бағыттау үшін барлық пайдаланылған газдар мен шығатын газдарды жинауға арналған қосымша газ шығатын коллектор
- 316 маркалы тот баспайтын болаттан немесе алюминийден жасалған берік, коррозияға төзімді корпус

2.3.2 Электрониканың басты модулі

Басты электроника модулі SV13 құрылғысының электроникасының барлық функциялары үшін негізгі контроллер болып табылады. Ол HART байланысы, жетектің күйін басқару, клапанды диагностикалау және қуатты басқару сияқты функцияларды орындайды. Сонымен қатар, ол сыртқы басқару жүйесімен (БЛК, ҮБЖ және т.б.) өзара әрекеттеседі. Сондай-ақ, басты модульде Холл күй датчигі, аналогтық-сандық және сандық-аналогтық түрлендіргіш, температура датчигі және HART байланыс чипі бар.

2.3.2.1 Магниттік күй датчигі

Холл әсеріне негізделген күй датчигі корпус қабырғасы арқылы клапанның күйін өлшеу үшін магнит өрісін пайдаланады. Ол айналмалы клапан білігінің ұшына тікелей орнатылған магниттік түйіннің айналуын немесе тартпа муфтасының түйіні және ілгерілі-кейінді тетігі бар клапан білігімен біріктірілген тұтқа көмегімен қабылдайды.

Холл датчигінің шығысы күйді басқару алгоритмі үшін күй бойынша кері байланыс сигналын береді. Магниттік түйін герметикалық және толығымен электроника корпусынан тыс орналасқан. Бұл датчиктің максималды қозғалыс диапазоны 140° айналуға дейін.

2.3.2.2 Температура датчигі

Температура датчигі электроника блогында орналасқан және корпусының ішіндегі температураны өлшейді. Бұл өлшеу, күй мен қысым датчиктерін және басқа ішкі электронды компоненттерді температуралық өтеу үшін қолданылады. Температура датчигінің көрсеткіштері позиционер аймағындағы қоршаған ауа температурасының жоғарылауы туралы ескерту үшін қолданылады.

2.3.3 Пневматикалық модуль

Пневматикалық модуль электрпневматикалық түрлендіргіштен, пневматикалық реледен және пневматикалық жүйені басқару электроникасынан тұрады. Пневматикалық жүйені басқарудың электроника тақтасында қысым датчиктері мен механикалық компоненттерді өтеу схемалары бар. Бұл модуль дисплей модулі үшін де өткізгіш болып табылады.

2.3.3.1 Қысым датчигі


Пневматикалық жүйені басқару электроникасы тақтасында төрт қысым датчигі бар. Олар қоршаған ортаның қысымын, толтырылуын, берілуін және жетектегі қысымды өлшеу үшін қолданылады.

2.3.3.2 Токты қысымға түрлендіргіш, I/P

I/P ток сигналын қысым сигналына келесідей түрлендіреді. Қозғалыссыз шарғы салынған токқа пропорционалды магнит өрісін жасайды. Магнит өрісі элементке түсетін қысымды арттыру үшін икемді элементті келте құбырға тартады. Икемді элементке түсетін қысым шарғыдағы токтың ұлғаюына жауап ретінде артады. Шарғының бітеу корпусы қоршаған ортаның әсерінен қорғауды қамтамасыз етеді.

2.3.3.3 Бір жақты түрде әрекет ететін пневматикалық реле

Бір жақты түрде әрекет ететін пневматикалық реле I/P қысымын күшейтеді және тұрақты және жауап беретін жетек жұмысы үшін қажет болған жағдайда ауа шығынын арттырады. Бір жақты түрде әрекет ететін реле 120 фунт/шаршы дюймге дейін (8,3 бар, 830 кПа) қажетті жетек қысымынан кемінде 5 фунт/шаршы дюймге (0,345 бар, 34,5 кПа) жоғары кез келген беру қысымында жұмыс істейді.



3-сурет — Бір жақты түрде әрекет ететін релесі бар SVI3 пневматикалық модулі

2.3.4 Түймелері бар қосымша дисплей модулі

Қосымша дисплей мен түймелер SVI3 қорғаныс тақтасына орнатылады. Дисплеймен бірге жұмыс істейтін төрт түймелі ауыстырып қосқыш компьютер немесе HART® ықшам коммуникаторын пайдаланбай аспаптың жұмыс параметрлерін салыстырып оқуға және өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл ауыстырып қосқыштар теңшелетін функцияларды орындайды — үлкейту, кішірейту, растау және «зияткерлік калибрлеу»/әдеттегі мәзір құрылымы бойынша жылжу арқылы қайтару, 51-беттегі «Сандық интерфейстерді пайдалану» бөлімін қараңыз. Ауыстырып-қосқыштар бұйымның зауыттық тақтасындағы нұсқауларға сәйкес, соның ішінде ұшқын қауіпсіз және отқа төзімді қорғаныс тұжырымдамасын қолдану қажет болғанда жұмыс істейді.

2.3.5 Қосымша модуль

Қосымша модуль — бұл позиционердің функционалдығын кеңейтетін электронды толықтыру Оған жартылай өткізгіш релелер негізіндегі ауыстырып-қосқыштар, цифрлық кіріс, 4–20 мА күй ретрансляторы, 1–5 В технологиялық айнаымалы кірісі және күй сигналының қашықтағы кірісі кіреді. Бұл модульде кіріс/шығыс қосылымдары үшін барлық қажетті жалғағыштар бар және оларды бөлек сатып алған жағдайда далалық шарттарда орнатуға болады.

2.4 ValVue бағдарламалық жасақтамасы

ValVue бағдарламалық құралы SVI3-ті жылдам баптауды, операцияларды бақылауды және проблемаларды диагностикалауды қамтамасыз етеді.

Ескертпе. HART® 7-ні қолдау үшін ValVue3 бағдарламалық құралын және SVI3 DTM® бағдарламалық құралын пайдалану қажет. ValVue 2.x бұл хаттамамен жұмыс істемейді.

2.4.1 ValVue және SVI3 DTM бағдарламалық жасақтамасы

ValVue бағдарламалық құралын және SVI3 DTM бағдарламалық құралын жүктеп алып, оларды SVI3 баптау және пайдалану үшін орнату керек. Бағдарламалық құралдың соңғы нұсқасын алу үшін біздің SVI3 веб-сайтымызға келесі мекенжай бойынша кіріңіз:

<https://valves.bakerhughes.com/resource-center>

SVI3 DTM бағдарламалық құралы ValVue сынақ нұсқасымен бірге жеткізіледі. Бастапқы орнатудан кейін 60 күн ішінде ValVue бағдарламалық құралы SVI3 DTM бағдарламалық құралы жұмыс істейтін далалық құрал интерфейсі ретінде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. SVI3 DTM бағдарламалық жасақтамасы конфигурацияны теңшеу, калибрлеу, диагностикалау, үрдістерді анықтау және тағы басқа мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. 60 күндік сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін ValVue пайдалану үшін тіркелуі керек. ValVue функционалды мүмкіндіктері мыналарды қамтиды:

- Орнату шебері
- Калибрлеу параметрлерінің теңшелімдері
- Күй/қате көрсеткіштері мониторингі
- SVI3 қашықтан калибрлеу
- SVI3 қашықтан басқару
- Тағайындама үрдістерін, клапанның күйін, жетектегі қысымды қадағалау
- Диагностикалық тестілеу процедураларын орындау (тек толық нұсқа)
- Клапанның күйін, жетектегі қысым мән(дер)ін қашықтықтан көрсету
- Конфигурация параметрлерін теңшеу
- Кіріс/шығыс конфигурациясы
- SVI3 конфигурациясын қашықтан теңшеу
- Сақтық көшірме жасау және конфигурацияны қалпына келтіру (клон құрылғысы)
- Салыстырмалы тестілеу нәтижелерін көрсету (тек толық нұсқасы)

2.4.2 Masoneilan бағдарламалық жасақтамасын жүктеу

Бағдарламалық жасақтаманы жүктеу және орнату үшін SVI3 DTM және бағдарламалық жасақтама нұсқаулығын қараңыз.


2.5 Кеңейтілген және онлайн-диагностика

SVI3 реттеу клапандарының диагностикасының әртүрлі деңгейлерін қамтамасыз етеді. Диагностика үшін бес қысым датчигі, сондай-ақ баспа тақтасы температурасын, контур тогын және тірек кернеуін анықтайтын схема бар.

ValVue бағдарламалық жасақтамасын пайдалану туралы қосымша ақпарат ValVue пайдаланушы нұсқаулығында берілген. Лицензиялау туралы ақпарат алу үшін өндірушіге немесе жергілікті өкілдікке хабарласыңыз.

3. SVI3 орнату және теңшеу


3.1 Физикалық өлшемдер



4-сурет — SVI3 негізгі компоненттері

3.1.1 SVI3 өлшемдері

5-суретте бір жақты түрде әрекет ететін SVI3 модельдерінің өлшемдері көрсетілген, салмағы бойынша деректер 6.1 «Физикалық және пайдаланушылық сипаттамалар» тармағында келтірілген (көрсетілген кескіндер SVI3 нақты сыртқы түрінен сәл өзгеше болуы мүмкін)



5-сурет — Бір жақты түрде әрекет ететін SVI3 өлшемдері

3.2 Орнатуға дайындық бойынша нұсқаулар

Ескертпе. Орнату процесін бастамас бұрын 7-беттегі «Қауіпсіздік техникасы туралы ақпарат пен стандарттар бойынша құжаттаманы» қараңыз.

3.3 Орнату кезеңдері

Басқару клапанын және оған орнатылған керек-жарақтарды қаптамадан алу кезінде абай болыңыз.

Егер сізде осы нұсқаулықта сипатталмаған мәселелер туындаса, зауытқа немесе жергілікті өкілге қоңырау шалыңыз. Сауда өкілдіктерінің мекенжайлары осы құжаттың соңғы бетінде көрсетілген.

Кернеудің жұмыс диапазонына сәйкестік сынақтары орнатудың алдында орындалғаны дұрыс. 110-беттегі 7.5 «Басқару жүйесіндегі SVI позиционері үшін тұрақтандырылған ток көзінің шығыс кернеуінің диапазонын анықтау» бөлімін 7.5-қараңыз.


SVI3 бағдарламалық жасақтамасын орнатуды және теңшеуді аяқтау үшін қажетті қадамдар 1-кестеде келтірілген.

Жарылыстан / шаң мен судың енуінен қорғауды қамтамасыз ету үшін зауыттық / жергілікті электр сымдарын орнату ережелеріне сәйкес дұрыс кабельдік тығыздағышты таңдаңыз.

1-кесте — SVI3 монтаждау қадамдары


Әрекет	Сілтеме
Монтаждық кронштейнді жетекке бекітіңіз.	Нұсқаулар алу үшін 25-беттегі және 3.4.2 «Айналмалы клапандардағы SVI3 монтажі және 30-беттегі 3.4.4 «Кері клапандардағы SVI3 монтажі» бөлімін қараңыз
SVI3 магниттік торабын орнатыңыз (тек айналмалы клапандар үшін).	Нұсқаулар алу үшін 25-беттегі 3.4.2 «Айналмалы клапандардағы SVI3 орнату» бөлімін қараңыз
SVI3-ті клапан жетегіне бекітілетін кронштейнге орнатыңыз.	Нұсқаулар алу үшін 25-беттегі және 3.4.2 «Айналмалы клапандардағы SVI3 монтажі және 30-беттегі 3.4.4 «Кері клапандардағы SVI3 монтажі» бөлімін қараңыз.
Пневматикалық түтік пен ауа беру желісін SVI3-ке қосыңыз. Табиғи газбен жұмыс істеу үшін монтаждау жөніндегі нұсқаулар (опция).	Нұсқаулар алу үшін 34-беттегі 3.5 «Құбырлар мен ауа беру желілерін қосу» бөлімін қараңыз.
SVI3 электр қосылымдары.	Нұсқаулар үшін 36-беттегі «SVI3 сымдарын қосу» бөлімін қараңыз.
Түймелі СК-дисплей көмегімен теңшеу/калибрлеу	Нұсқаулар алу үшін 52-беттегі 4.3 «Жергілікті интерфейстер мен конфигурациялар», 55-беттегі 4.3.5 «Зияткерлік калибрлеуді орындау» және 71-беттегі 4 «Қате кодтарының толық тізімін көру үшін Қателер тізімін (Fault List) басыңыз.» бөлімдерін қараңыз.
ValVue3/AMS бар SVI3 DTM көмегімен теңшеу/калибрлеу	Нұсқаулар үшін 52-беттегі 4.2 «ValVue бар SVI3 DTM көмегімен баптау және калибрлеу» бөлімінде қараңыз
HART®/AMS коммуникаторында SVI3 DD файлдары көмегімен теңшеу/калибрлеу.	Нұсқаулар үшін 52-беттегі 4.3 «Жергілікті интерфейстер мен конфигурациялар» бөлімін қараңыз

6-суретте айналмалы клапанға орнатудың мысалы ретінде SVI3 орнатылған **Camflex™ айналмалы реттеуші клапан** көрсетілген.



6-сурет — Айналмалы клапанға орнатудың мысалы

7-суретте ілгерілі-кейінді тетігі бар клапанға орнату мысалы ретінде SVI3 орнатылған **87/88 сериялы жетек** көрсетілген.



7-сурет — Ілгерілі-кейінді клапанға орнатудың мысалы

3.4 Позиторнерді монтаждау

Бұл бөлімде айналмалы және кері жетекті клапандарға SVI3 орнату нұсқаулары берілген. Орнату процесін келесі кезеңдерге бөлуге болады:

- Монтаждық кронштейнді жетекке бекітіңіз.
- Магниттік түйінді орнатыңыз (тек айналмалы клапандар үшін).
- SVI3-ті монтаждық кронштейнге орнатыңыз.



SVI3-ті төмен қараған кабельдік қосылыстармен орнатыңыз, сонда олардан конденсатты бұру қамтамасыз етіледі.

3.4.1 Сүзгі-реттегіш және түтіктер

Ауа беру үшін 5 мкм сүзгі элементі бар Masoneilan сүзгі-реттегішін пайдалану ұсынылады. Сүзгі реттегіші, SVI3 және жетек арасында диаметрі кемінде 1/4" (6,35 мм), ал үлкен өлшемді жетектер үшін — диаметрі 3/8" (9,53 мм) болатын түтік пайдаланыңыз. Пневматикалық түтіктердің бұрандаларын бітеу үшін, ауа ортасы болмаған жағдайда полимерленген анаэробты герметикті, мысалы Loctite® Hydraulic Seal 542 пайдаланыңыз. Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз.

Ескертпе. SVI3-тегі максималды рұқсат етілген ауа беру қысымы жетек пен клапанның өлшемі мен түріне байланысты. Позиторнер үшін дұрыс беру қысымын анықтау үшін клапанның техникалық деректер парақтарындағы қысымның күрт өзгеруі кестелерін қараңыз. Минималды беру қысымы серіппенің максималды қысымынан 5-10 фунт/шаршы дюйм (0,345–0,69 бар, 34,485–68,97 кПа) мәніне жоғары болуы керек.

3.4.2 Айналмалы клапандарда SVI3 монтаждау

Бұл процедура SVI3-ті Camflex немесе Varimax сияқты 60°-тан кем бұрылу бұрышы бар айналмалы реттеу клапандарына орнату үшін қолданылады. Бұрылысы 60°-тан асатын клапандар үшін 30-беттегі «Ерекше жағдайлар» бөлімін қараңыз.



Қуат көзі өшірілмесе, аспаптың қақпағын алмаңыз және оны қауіпті аймақта электр тізбегіне қоспаңыз.

Алдын ала монтаждалған SVI3 бекіткіші тасымалдау кезінде зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Конфигурацияны тексеру үшін келесі деректерді жазып алыңыз:

- Пневматикалық ашылу (АТО) немесе пневматикалық жабылу (АТС) мүмкіндігі бар клапан
- Жетектің номиналды қысымы
- Жетек серіппесінің жұмыс диапазоны
- Реттеуші клапан ысырмасының өзіндік сипаттамасы: сызықтық, тең пайыздық немесе т.б.

Ескертпе. Клапанның техникалық деректер парағын немесе реттеуші клапан моделінің нөмірін қараңыз.


Қажетті аспаптар

Айналмалы клапанға орнатуды орындау үшін келесі құралдар қажет:

- Т төрізді тұтқасы бар 3/16" алтықырлы кілті
- 5/32", 1/2" алтықырлы кілті
- 3 мм, 4 мм, 5 мм алтықырлы кілті
- 7/16" сомын кілті

SVI3 монтаждау:

1. SVI3 айналмалы монтаждық кронштейннің клапан жетегіне 5/16-18 UNC жалпақ бастиекті бұрандасының екі данасымен бекітіңіз және оларды 8-суретте көрсетілгендей 3/16" алтықырлы кілтімен қатайтыңыз.




8-сурет — Пневматикалық ашылуы және пневматикалық жабылуы бар Camflex II айналмалы реттеуші клапанға монтаждау

2. Ұзартқыш білікті клапан күйінің шығыс білігіне 1/4–28 UNF жасырын бастиекті және ішкі алтыбұрышты бұрандасымен бекітіңіз. Ұзартқыш білікті ұстайтын бекіткіш бұраманы 5/32" алтықырлы кілті көмегімен 144 дюйм-фунт (16,269 н·м) қатайту сәтімен бекітіңіз.

Ескертпе. Клапанның ішкі қысымының әсерінен қысқыш білік әдетте тірек мойынтірекпен ұсынылатын механикалық тіректерге дейін итеріледі. Клапанның күйін қадағалау құрылғысы ысырма білігінің ұшына тікелей орнатылған клапандарда, мысалы, Samflex-те, SV13 клапанының цифрлық позиционерін дұрыс теңшеу үшін білікті тірекке орнату керек. Гидростатикалық сынақтар барысында білік өз тірегіне тіреледі және қалыпты тартылған тығыздағыш оны осы күйде ұстайды.

Ескертпе. Вакуумдық ортада жұмыс істегенде, клапан білігі білікке әсер ететін вакуумның әсерінен корпусқа тартылуы мүмкін, бірақ магниттік муфта біліктің өз тірек мойынтірегіне дейін толық тартылуымен бірге монтаждық кронштейнмен бірдей деңгейде орнатылуы керек.





3. Вакуум әсерінен қабылданатын жайғасым мен толық итеріп шығарылған күй арасындағы алшақтық 0,06 дюймнен (1,524 мм) кем екеніне көз жеткізіңіз.
4. Магнит ұстағышты ұзартқыш білікке сұғындырыңыз. Магниттер магнит ұстағыш сақинасында орналасқан. Магниттік ось — бұл екі магниттің ортасынан өтетін елестеу сызығы (9-суретті қараңыз).




9-сурет — Магниттік ось

5. Магнит ұстағышты клапан жабық күйде болған кезде магнит осі тік болатындай етіп бұрыңыз (8-суретті қараңыз). 2-кестеде жүріс датчигін орталықтандыру бойынша жалпы нұсқаулар берілген. SVI3-ті айналмалы клапан жетегіне орнатпас бұрын, магнитті дұрыс туралау үшін кестені қараңыз.

2-кесте — Орын ауыстыру датчигін орталықтандыру

Айналмалы бекіту жүйесі	Бағыт бағыты	Магнит бағдары	Клапан қалпы	Датчиктің көрсеткіштері
Бұрылмалы	Айналу <60° Сағат тілімен немесе сағат тіліне қарсы айналу	 (0°)	Жабық (0 %)	0 +/- 1000
	>60° айналу Тағайындама ұлғайған сайын, сағат тілінің бағыты бойынша	 (-45°)	Толығымен ашық немесе Толығымен жабық	-8000 +/- 1500 немесе +8000 +/- 1500
	>60° айналу Тағайындама ұлғайған сайын, сағат тіліне қарсы айналу	 (+45°)	Толығымен ашық немесе Толығымен жабық	-8000 +/- 1500 немесе +8000 +/- 1500
Басқа конфигурацияларға арналған ортақ ереже	Сағат тілімен немесе сағат тіліне қарсы кез келген айналу градусы	 (0°)	50 % Жүріс (жүрістің ортасы)	0 +/- 1000



10-сурет — Монтаждық кронштейні бар Camflex II бұрылмалы реттеуші клапан (бүйірлік көрініс)

6. Магнит ұстағыштың ұшын монтаждық кронштейннің ұшымен туралаңыз (29-беттегі 10-суреттегі қызыл үзік-үзік сызық). Магнит ұстағышты 6 мм алтықырлы кілттің көмегімен екі М6 бекітіп тұратын бұрамасымен бекітіңіз.
7. Манжеттік тығыздауышты магнит ұстағышқа кигізіңіз.
8. SVI3-ті 6 мм алтқырлы кілтті пайдаланып, М6×20 мм ішкі алтықыры бар төрт бұраманың көмегімен монтаждық кронштейнде бекітіңіз.
9. Келесі талаптардың орындалғанына көз жеткізіңіз.
 - Шығыңқы күй датчигі ештеңеге тиіп тұрған жоқ.
 - Манжеттік тығыздауыш SVI3 корпусындағы күй датчигінің дөңесінің айналасындағы етекке тиіп тұрғанына көз жеткізіңіз.

3.4.2.1 Магнитті тексеру

SVI3 магнитін тексерудің екі тәсілі бар:

- Көзбен тексеріп шығыңыз
- Магнитті тексеру үшін ValVue3 бар SVI3 DTM пайдаланыңыз

3.4.2.2 Көзбен тексеріп шығу

Магниттің 28-беттегі 2-кестеге сәйкес ортаға тураланғанына көз жеткізіңіз.

3.4.2.3 Магниттің күйін тексеру үшін ValVue3-пен бірге SVI3 DTM қолдану

1. Қосу тәртібін DTM нұсқаулығынан қараңыз.
2. Жайғасым туралы өңделмеген деректерді салыстырып оқу. Клапан жабылған кезде, бұрылмалы клапан үшін мән 60° бұрылысты құрауы керек.

3.4.3 Ерекше жағдайлар

3.4.3.1 Бұрылу бұрышы 90-нан 120°-қа дейін

90-нан 120°-қа дейінгі бұрылу бұрышы бар жетектерге қатысты тұрғыда, 30-беттегі «SVI3-ті ілгерілі-кейінді тетігі бар клапандарда монтаждау» бөлімінің нұсқауларын орындаңыз, бұған 27-беттегі 9-суретте көрсетілгендей, магниттің токтан ажыратылған жетек күйінде $\pm 45^\circ$ бұрышпен бекітілетіні кірмейді.

3.4.4 Ілгерілі-кейінді тетігі бар клапандарда SVI3 монтаждау

Бұл бөлімде SVI3-ті ілгерілі-кейінді тетігі бар клапандарға монтаждау процедурасының сипаттамасы келтірілген (бірнеше серіппелі Masoneilan 87/88 жетектерінің мысалында).



ЕСКЕРТУ

Қуат көзі өшірілмесе, аспаптың қақпағын алмаңыз және оны қауіпті аймақта электр тізбегіне қоспаңыз.

Алдын ала монтаждалған SVI3 бекіткіші тасымалдау кезінде зақымдалмағанына көз жеткізіңіз, жетекті, тартқыштарды тексеріңіз. Конфигурацияны тексеру үшін келесі деректерді жазып алыңыз:

- Пневматикалық ашылу (АТО) немесе пневматикалық жабылу (АТС) мүмкіндігі бар клапан
- Жетектің номиналды қысымы
- Жетек серіппесінің жұмыс диапазоны
- Реттеуші клапан ысырмасының өзіндік сипаттамасы: сызықтық, тең пайыздық немесе т.б.

Ескертпе. Клапанның техникалық деректер парағын немесе реттеуші клапан моделінің нөмірін қараңыз.


Қажетті құралдар:

- 7/16 дюймдік құрамалы сомын кілті (2 дана қажет)
- Құрамдасқан сомын кілті, 1/2 дюйм
- 4 мм, 5 мм және 6 мм алтықырлы кілттері
- Құрамдасқан сомын кілті, 3/8 дюйм
- Айқыш бұрағыш

3.4.4.1 SVI3-ті ілгерілі-кейінді тетігі бар жетекте монтаждау

SVI3 монтаждау кезінде диск жетегі қалыпты тік күйде болады деп болжанады.

1. Тұтқаның магниттік түйінге бекітілгеніне және тұтқаның күйі клапанның жабық күйіне сәйкес келген кезде магнит осі тігінен орналасуы үшін, екі М5 жалпақ бастиекті бұрамасымен мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Тұтқаның бұрамасын 5 мм алтықырлы кілтімен мықтап қатайтыңыз.
2. Бір 5/16–18 UNC-2А алтқырлы бастиекті бұрамасын бір бекіткіш тығырықпен және бір жалпақ тығырықпен, қатты бекітпей орнатыңыз. Содан кейін, кронштейнді орнатылған бекіткішке монтаждық саңылау арқылы салыңыз.
3. Екінші 5/16–18 UNC-2А алтқырлы бастиекті бұрамасын жетектің өлшемі мен жүріс қашықтығына сәйкес тиісті монтаждық тесікке орнатыңыз (31-беттегі 3-кестені және 11-суретті қараңыз). Содан кейін, екі бекіткіш элементті де қатайтыңыз.



Монтаждық кронштейн, жетекке қараған кезде солға қарап тұруы, ал жетек тік күйде орналасуы керек

11 сурет — Ілгерілі-кейінді тетігі бар клапанның монтаждық кронштейні


3-кесте — Ілгерілі-кейінді тетігі бар клапанның тартпа муфтасының монтаждық тесігі мен ұзындығы

Мasonellan жетегінің өлшемі	Жүріс	Монтаждық тесік	Тұтқадағы тесік	Тартпа муфтаның ұзындығы
6 және 10	0,5–0,8" (12,7–20,32 мм)	A	A	1,25" (31,75 мм)
10	0,5–0,8" (12,7–20,32 мм)	A	A	1,25" (31,75 мм)
10	>0,8–1,5" (20,32–38,1 мм)	B	B	1,25" (31,75 мм)
16	0,5–0,8" (12,7–20,32 мм)	B	A	2,90" (73,66 мм)
16	>0,8–1,5" (20,32–38,1 мм)	C	B	2,90" (73,66 мм)
16	>1,5–2,5" (38,1–63,5 мм)	D	C	2,90" (73,66 мм)

3-кесте — Ілгерілі-кейінді тетігі бар клапанның тартпа муфтасының монтаждық тесігі және ұзындығы (Жалғасы)


23	0,5–0,8" (12,7–20,32 мм)	B	A	5,25" (133,35 мм)
23	>0,8–1,5" (20,32–38,1 мм)	C	B	5,25" (133,35 мм)
23	>1,5–2,5" (38,1–63,5 мм)	D	C	5,25" (133,35 мм)

4. Клапанның жүрісін қамтамасыз ету үшін А, В, С немесе D монтаждық тесігін таңдаңыз. Мысалы, 12-суретте көрсетілген В тесігі 1,0 дюймдік жүріспен 10 жетекке сәйкес келеді.



12-сурет — Бірнеше серіппелі Masoneilan жетегінің 87/88 моделіне арналған тұтқа

5. Клапанды жабық күйге қойыңыз. Пневматикалық басқару үшін:
- Итеріп шығару — толық жүрісін орындау үшін жетектегі ауа қысымын пайдалану қажет.
 - Кері тарту — жетектегі ауа қысымы өршітіледі.
6. Loctite® герметигін жағыңыз және күйді қадағалау үшін тартқышты жетек сояуышының қосқышына бұраңыз (13-сурет). Муфтада орналасқан жүріс көрсеткішінің дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.
7. Тартқыштың оң жақ бұрандалы ұшын 1/4–20×0,75" бастиекті бұрамасының және сомынның көмегімен 13-суретте көрсетілгендей, тұтқаға бекітіңіз. Тұтқа саңылауының қажетті күйі белгілі бір клапанның жүрісіне байланысты. 12-суретті және «Ілгерілі-кейінді клапан үшін тартқышты таңдау» тармағын, 31-беттегі 3-кестені қараңыз.



13-сурет — Ілгерілі-кейінді тетікке арналған тартқыш

8. Оң жақ бұрандалы қарсы сомынды және тартпа муфтаны оң жақ бұрандалы сояуыштың ұшына бұрап, оларды шамамен екі айналымға бұраңыз. Муфтаның ұзындығы жетектің өлшеміне байланысты. (31-беттегі 3-кестені қараңыз).
9. Тұтқа мен тұтқыштың оң жақ ұшын қоса алғанда, жиынтықтағы магнит корпусын 5 мм-ге арналған алтқырлы кілттің көмегімен жалпақ бастиекті төрт М5×10 мм бұрамасының көмегімен кронштейнге бекітіңіз (13-сурет).
10. Сол жақ бұрандалы тартқыштың ұшын 1/4-20 UNC сомынының көмегімен күйді қадағалау үшін тартқышқа бекітіңіз және сол жақ бұрандалы қарсы сомынды тартқыштың соңына бұраңыз.
11. Тартпа муфтаны сол жақ бұрандалы сояуыштың соңына бұраңыз. 13-суретті қараңыз.
12. SVI3 тұтқасындағы тесік кронштейндегі көрсеткіш тесікке сәйкес келетіндей етіп тартуды реттеңіз. Тартпа муфтаның екі қарсы сомынын қатайтыңыз.
13. SVI3-ті кронштейнге орнатыңыз және 6 мм-ге арналған алтқырлы кілтті пайдаланып, төрт М6 ішкі алтықыры бар төрт бұрамамен бекітіңіз.

3.4.4.2 Магниттің күйін тексеру үшін ValVue3-пен бірге SVI3 DTM қолдану

1. Қосу тәртібін DTM нұсқаулығынан қараңыз.
2. Жайғасым туралы өңделмеген деректерді салыстырып оқу. Клапан жабылған кезде, мән ілгерілі-кейінді тетігі бар клапан үшін ±1000 шамасында болуы керек.

Көзбен тексеріп шығу


Екі жақты клапандардың реттелетін қосылымының тартпа муфтасы клапан сояуышына параллель орналасуы керек. Жайғастырудың сызықтылығын қамтамасыз ету үшін, тұтқадағы тесік, клапан жабық күйде болған кезде кронштейндегі көрсеткіш тесікке сай келетініне көз жеткізіңіз. Кронштейннің дұрыс тесіктерге орнатылғанына көз жеткізіңіз. (Толығырақ 31-беттегі 11-суреттен және 31-беттегі 3-кестеден қараңыз).

3.5 Құбырлар мен ауа беру желілерін қосу

Бұл бөлімде құбырлар мен ауа беру желісін бір жақты түрде әрекет ететін позиционерге қосу процесінің сипаттамасы келтірілген.

SVI3-те ауа берудің максималды рұқсат етілген қысымы жетекке, клапанның өлшеміне және клапанның түріне байланысты. Позиционерге арналған дұрыс беру қысымын анықтау үшін, клапанның техникалық сипаттамаларындағы қысымның күрт өзгеру кестелерін қараңыз. Минималды қуат қысымы серіппенің максималды диапазонынан 5–10 фунт/шаршы дюйм (0,345–0,69 бар, 34,485–68,97 кПа) мәніне жоғары болуы, бірақ жетектің номиналды қысымынан аспауы керек.

1. Ауа сүзгісін/реттегішті ауа беру тесігіне орнатыңыз.
2. Ауа беруді ауа сүзгісінің/реттегіштің кірісіне қосыңыз



14-сурет — SVI3 бір жақты түрде әрекет ететін позиционер ауа беру порттары

3. Келесі техникалық талаптар мен шектеулердің орындалғанына көз жеткізіңіз:
 - Бір жақты түрде әрекет ететін SVI3 үшін беру қысымы: 20–120 фунт/шаршы дюйм (1,4–8,3 бар, 138–830 кПа).
 - Түтіктің минималды диаметрі 1/4" (6 мм × 4 мм)
 - Фитинглерге арналған динамометрлік кілтті қолданыңыз және 10 Н·м мәнінен асатын сәтті қолданбаңыз.
4. Ауа реттегішін нөлге қою арқылы ауа беруді қосыңыз.
5. Беру қысымын нақты қолданылатын жетек үшін қажетті диапазонға дейін арттырыңыз.
6. Ағып кетуді анықтау үшін сүзгі-реттегіш пен позиционер арасындағы құбыр қосылыстарын тексеріп шығыңыз.
7. Құбыржолдардың бүгілмегеніне және мыжылмағанына көз жеткізіңіз.
8. Барлық фитинглердің бітеулігіне көз жеткізіңіз

3.5.1 Ауаны беруге қойылатын талаптар

Жоғары сапалы ауаны беру басқарудың сенімділігін айтарлықтай арттырады және пневматикалық жабдыққа қызмет көрсету шығындарын азайтады. ANSI/ISA-7.0.01-1996 — БӨА жүйелерінің ауа сапасы стандартын қараңыз.

3.5.2 Табиғи газ ортасында жұмыс істеуге арналған SVI3 қондырғысы




Табиғи газ ортасында орнату және пайдалану процедуралары SVI3 ES-817 бұйымының қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықта келтірілген.

SVI3 позиционерінен 30 фунт/шаршы дюйм қысымында шамамен 2,8 ст. л/мин (5,9 ст. текше фут/сағ) көлемінде табиғи газ шығарылады және сейілтіледі. Үй-жайлар ішінде қолданған кезде, бұл жағдайды ескеріп, ауа айналымы мен желдетуді қамтамасыз ету керек.



Кабельдік кірмелер үшін жарылыстан қорғалған фитинглерді қолдану қажет.

Жұмысты орындау кезінде электр түйіспелерінің ешқайсысы қосылмауы/ажыратылмауы керек. Жұмыс кезінде желдету тесігінің қақпағын, шетжақ бітеуішті немесе фитинглерді шешпеңіз/орнатпаңыз.



15-сурет — Бір жақты әрекет ететін SVI3 газ шығару клапандары

3.5.3 SVI пайдаланылған газ шығару коллекторы

Қосымша жиынтықтың көмегімен позиционерден барлық реактивті бу-ауа қоспаларын және жетектің пайдаланылған газдарын жинай аласыз. Қосымша ақпарат алу үшін № 34633 пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

3.6 SVI3 сымдарын қосу

Төменде SVI3 қосу процедурасы келтірілген.



- *Монтаждау немесе пайдалану уақытында кез келген сәтте клапан, жетек немесе позиционер күтпеген жерден жылжып кетуі мүмкін.*
- *Электр монтаждау жұмыстарын орындаудың қолданыстағы мемлекеттік және жергілікті ережелерін сақтаңыз.*
- *Жарылыс қаупі бар орталарда жұмыс істеудің жергілікті және мемлекеттік ережелерін сақтау қажет.*
- *Құрылғымен жұмыс жасамас бұрын, құрылғының қуатын өшіріңіз немесе өз орнындағы шарттар ықтимал жарылғыш ортада құрылғының қақпағын қауіпсіз ашуға мүмкіндік беретініне көз жеткізіңіз.*

3.6.1 Жарылыстан қорғалған қондырғылармен жұмыс істеудің талап етілетін әдістері

Жарылыстан қорғалған қондырғылармен жұмыс істеудің талап етілетін әдістерімен танысу үшін ES-817 бұйымының қауіпсіздік нұсқаулығын оқып шығыңыз.

3.6.2 Қосылу бойынша ұсыныстар

SVI3 бар HART® хаттамасы бойынша тұрақты ток сигналын, тұрақты ток қуатын және байланысты сәтті түрде іске асыру бойынша ұсыныстар:

- SVI3 үшін жұмыс кернеуінің диапазоны 20 мА-де шамамен 9 В, ал 4 мА-де 11 В құрайды. 112-беттегі «Бөлінген диапазонда қолдану» бөлімін қараңыз.
- SVI3-ке берілетін сигнал 3,2-ден 22 мА-ге дейінгі реттелетін ток болуы керек.
- Контроллердің шығыс тізбегіне 1200-ден 2200 Гц-ке дейінгі жиілік диапазонындағы HART® үндестік сигналдары әсер етпеуі керек.
- HART® үндестік сигнал жиіліктерінің диапазонында контроллерде тізбектің импедансы 220 Ом-нан асуы, әдетте 250 Ом болуы керек.
- HART® үндестік сигналдарын сигнал тізбегінің кез келген жерінде орналасқан позиционер және байланыс құрылғысы бере алады.
- Кабель, HART® үндестік сигналдарын бұрмалауы мүмкін электрлік кедергілердің әсерін болдырмау үшін экрандалған болуы, ал экран жерге тұйықталуы керек.
- Экран тек бір жерде сенімді түрде жерге тұйықталуы керек.
- Сым кедергісі мен сыйымдылықты есептеудің толық мәліметі мен әдістері, сондай-ақ кабель сипаттамаларын есептеу HART® FSK физикалық деңгейі сипаттізімінде берілген.
- Диапазоны бөлінген қондырғылар үшін шығыс кернеуі кабельдегі кернеудің күтілетін төмендеуін ескере отырып, екі позиционердің (4 мА-де 11 В, 20 мА-де 9 В) жұмыс істеуі үшін жеткілікті болуы керек.
- Төмен ток кернеу көзін пайдалану SVI3 зақымдалуына әкеледі. Ток көзі шынымен жоғары импедансты ток шектеу құрылғысы болуы керек. Дұрыс ток көзі кернеуді емес, токты реттеуге мүмкіндік береді.

- Күй ретрансляторын қосқан кезде:
 - Күй таратқышының сигналы басқару жүйесінің аналогтық кіріс тақтасына қосылғанына көз жеткізіңіз.
 - Өлшеу құралы көмегімен өлшеу кезінде басқару контурына қуат беріліп жатқанына көз жеткізіңіз.

3.6.3 Басқару контурына қосылу

Полярлықты әрдайым сақтау керек, әйтпесе позиционердің жұмысы бұзылуы мүмкін.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Негізгі клеммалардың қосылыстары 1,13 Н·м номиналды тарту сәтімен бекітілуі керек.


Сымдарды келесідей қосыңыз (сымның қимасы 12-ден 22 AWG-ге дейін, 4-тен 0,34 мм²-ге дейін):

1. Сымдардың ұштарында оқшаулағыштың шамамен 1/4 дюймін (6,35 мм-ін) тазартыңыз.
2. Соңғы қақпақты бұрап алыңыз да, тиісті 1/2" NPT пластика қақпағын алыңыз (16-сурет).



16-сурет — SVI3 электрлік тығыздамалары / кабельдік кірмелері

3. 1/2" NPT тесігіне тығыздама/кабельдік кірме фитингін салыңыз және оны қатайтыңыз. Қажет болса, Loctite® герметигін қолданыңыз.
4. Кабельді май тығыздамасы арқылы тартыңыз.
5. Клемма тақтасынан қажетті клемма қалыбын табыңыз (17-суретті қараңыз).



17-сурет — Басты электроника модуліне қосылыстар (клемма тақтасы арқылы)

6. Қажетті жалғағышты босатыңыз, басқару контурының сымын дұрыс полярлыққа сәйкес салыңыз және жалғағыш бұрамасын қатайтыңыз.
7. Қақпақты орнына қойыңыз.

3.6.4 Қосымша тақтаны қосу

Қосымша тақтада келесіге арналған қосылыстар бар:


- Өртүрлі ескерту сигналы/мәртебесі және ашу/жабу күйінің биттеріне теңшелетін екі жартылай өткізгіш ауыстырып-қосқыш (SW#1 және SW#2).
- Күйді ретрансляциялау функцияларын қолдау үшін 4–20 мА шығысы.
- Цифрлық кіріс (DI) қосылысы.
- Masoneilan қашықтағы күй датчигін қосу үшін REMOTE қосылысы.
- Технологиялық айнымалының (PV) сигнал кірісі — күй датчигінен кіріс сигналын қабылдай алатын 1–5 В кірісі.

Қосымша тақтаға позиционермен бірге тапсырыс беруге немесе бөлек сатып алуға болады.



Дұрыс жұмыс істеуі үшін сәйкесінше + және – сигналдарының полярлығын сақтаңыз.

Қосымша тақшаның клеммалы қосылыстары 26 AWG-ден 14 AWG-ге дейінгі қимасы бар сым арқылы қосылуы және клеммаларды 0,5–0,6 Н·м шегінде қатайту сәтімен бекітілуі керек.




18-сурет — Қосымша электроника модуліне қосылу (клемма тақтасы арқылы)

1. Сымдардың ұштарында оқшаулағыштың шамамен 1/6 дюймін (4,08 мм-ін) тазартыңыз.
2. Басқару контуры қосылған кезде орнатылған тығыздама арқылы сымды тартыңыз.
3. Қосымша модульден қажетті клемма қалыбын табыңыз (18-суретті қараңыз).
4. Қажетті коннекторды бұрап алыңыз, сымды дұрыс полярлықпен салыңыз және жалғағыштың бұрамасын қатайтыңыз.
5. Тығыздаманы қатайтыңыз және қақпақты орнына қойыңыз.

Цифрлық кірме (DI) қосылыстары

38-беттегі «Қосымша тақшаны қосу» процедурасын сақтай отырып, DI клеммаларына қосылыңыз. Masoneilan-ға қатысы жоқ құрылғыларға қосылу осы құжаттарға арналған құжаттаманың талаптарына сай орындалады.



19-сурет — Цифрлық кірме (DI) қосылыстары


Шығу ауыстырып-қосқыштары

SVI3, логикалық түрде күй биттерімен байланысты болуы мүмкін екі бірдей түйіспе шығысын — SW #1 және SW #2 қолдайды (цифрлық шығыс ауыстырып-қосқыштары).

Ауыстырып-қосқыштар полярлықты ескере отырып және тек тұрақты ток тізбектеріне қосылуы керек. Ауыстырып-қосқыштың (+) клеммасы (-) клеммасына қатысты оң электрлік потенциалға ие болуы керек. Егер (+) клеммасы (-) клеммасына қатысты электрлік теріс болса, онда ауыстырып-қосқыш оның күйіне қарамастан ток өткізеді.

Ауыстырып-қосқыш тікелей қуат көзіне қосылған кезде, ток тек қуат көзінің сыйымдылығымен шектеледі, ал ауыстырып-қосқыш зақымдалуы мүмкін.

Жүктеме болмаған кезде, ауыстырып-қосқыш қосулы болған (тұйықталған) кезде, сыртқы кернеу ауыстырып-қосқышқа қолданылады. Бұл ауыстырып-қосқыштың істен шығуына әкеледі (20-сурет).



20-сурет — Жүктемесіз ауыстырып-қосқышты монтаждау схемасы: **Конфигурацияға жол берілмейді**

Конфигурация бойынша жалпы ескертпелер

Бұл бөлімде жүйенің конфигурациясына қатысты қажетті сақтық шаралары қарастырылады.

	Сөнд.	Қос.
V _{ауыст.}	Макс. 30 В тұр. ток	≤ 1 В (ауыстырып-қосқыштың қанығу кернеуі)
I _{ауыст.}	≤ 0,200 мА (ауыстырып-қосқыштағы ағып кету тогы)	Макс. 1 А



Ұшқын қауіпсіз жүйелерде жұмыс істеу үшін ауыстырып-қосқыштың максималды рұқсат етілген тогы 125 мА құрайды.



Білікті қызметкерлермен кеңесіп, ауыстырып-қосқышқа қойылатын электр талаптары сақталғанына көз жеткізіңіз.

Ауыстырып-қосқыштардың цифрлық шығыстарына берілетін кернеу 30 В тұр. токтан аспауы керек. Бұл параметр ашық тізбекке қатысты (цифрлық қосқыштың ашық күйі). Ашық тізбекте ауыстырып-қосқыш тогы 0,200 мА-ден аз болуы керек.

Ауыстырып-қосқыштың максималды тогы 1 А құрайды. Ауыстырып-қосқыш «ҚОС.» күйінде болғанда, ауыстырып-қосқыштың номиналды кернеуі ≤ 1 В құрайды.


Ауыстырып-қосқыш қосулы болған (түйіспелер тұйықталған) кезде сыртқы кернеу жүктемеге берілуі керек (40-беттегі 20-сурет).



Жүктеме, тізбектегі ток әрдайым ≤ 1 А болатындай етіп есептелуі керек. Кейбір бөгде өндірушілердің құрылғылары, мысалы, қыздыру шамдары немесе соленоидтар, кернеудің секірісін болдырмау үшін кернеудің артып кетуінен және кері ЭҚК-тен қорғауды қажет етеді.

Индуктивті жүктемесі бар ауыстырып-қосқышты қосу мысалы

Мысалы, сыртқы реле SVI3 қосымша модулінің шығыс ауыстырып-қосқышы тарапынан басқарылады. SVI3 шығыс ауыстырып-қосқыштарына зақым келтірмеу үшін, біз токты 1 А-ден төмен мәнге дейін шектеу үшін 250 Омға арналған резисторды қолданамыз. Қолданылуы қажет резистордың мәнін есептеу үшін білікті электртехникалық қызметкерлермен кеңесіңіз. Реле шарғысы индуктивті жүктеме болғандықтан, реле өшірілген кезде кері ЭҚК ауыстырып-қосқышты зақымдайды, сондықтан өтпелі токты шунттау үшін кері диод қолданылады. Сыртқы реле 24 В тұрақты ток көзінен қуат алады.




21-сурет — Ауыстырып-қосқышты монтаждау схемасы: жүктемесі бар дұрыс конфигурация

Ауыстырып-қосқыш теңшелімдері

Екі цифрлық шығыс ауыстырып-қосқыштары SVI3 анықтайтын шарттарға сәйкес ашылуы немесе тұйықталуы мүмкін. Теңшелетін параметрлер және оларды теңшеу процедурасы туралы көбірек білу үшін SVI3 DTM нұсқаулығын (№ 34569) қараңыз.

Қашықтағы күй датчигінің кіріс қосылыстары


37-беттегі «Басқару контурына қосылу» процедурасын орындаңыз және датчикті қашықтан REMOTE ұяшығына қосыңыз. Masonellan қашықтағы күй датчигінің (RPS) қысқаша нұсқаулығын қараңыз, оны мына жерден жүктеуге болады: <https://valves.bakerhughes.com/resource-center>.



22-сурет — Қашықтағы күй датчигінің кіріс қосылыстары

Сигналды ретрансляциялауға арналған қосылыстар

38-беттегі «Қосымша тақшаны қосу» процедурасын сақтай отырып, 4–20 мА шығысына қосылыңыз. Masonellan-ға қатысы жоқ құрылғыларға қосылу осы құжаттарға арналған құжаттаманың талаптарына сай орындалады.



Типтік шығыс тогы: 4–20 мА
Типтік жұмыс кернеуі: 10–30 В
Максималды шекті ток: 30 мА


23-сурет — Сигналды ретрансляциялауға арналған қосылыстар

Сигналды ретрансляциялауға арналған қосылыстардағы ақауларды жою үшін:

- 4–20 мА шығыс тізбегі пассивті шығыс болып табылады. Схемаға қуат беру үшін сыртқы қуат көзі қажет (ең кемі 10 В, ең көбі 30 В).
- Минималды шығыс тогы 3,2 мА құрайтынын ескеріңіз. Егер SVI модулі қуатын жоғалтса, ал ретрансляция схемасы сыртқы көзден қуаттанған болса, онда ток 3,2 мА құрайды.

1–5 В технологиялық айнымалысын енгізуге арналған кіріс қосылыстары

38-беттегі «Қосымша тақшаны қосу» процедурасын сақтай отырып, 1–5 В PV түйіспесіне қосылыңыз.



24-сурет — 1–5 В технологиялық айнымалыны енгізуге арналған кіріс қосылыстары

3.6.5 Жүйелік қосылыстар

Жүйенің барлық қосылыстары HART® байланыс хаттамасының сипаттізімдеріне сәйкес келуі керек. Толық техникалық ақпарат FieldComm™ Group құжатында, № HCF-SPEC-11 құжатында және анықтамалық материалдарда берілген. SVI3 — HART® стандартына сәйкес келетін «атқару жетегі» типті құрылғы. Сондықтан, ол 4–20 мА сигнал қабылдағышы болып табылады және оның кіріс клеммаларына берілетін кернеу көзі бола алмайды.

Жарылу қаупі бар орталарда қауіпсіз орнату үшін энергия деңгейлері жиі шектеледі. Жарылу қаупі бар орталарда орнату туралы ақпаратты ES817 бұйымының қауіпсіздік нұсқаулығынан қараңыз.

Төменде барлық мүмкін жағдайларда монтаждау туралы толық ақпарат берілмейді. Бұл осы құжаттың шеңберінен шығады. Сәтті орнату үшін көптеген көздерден қажетті компоненттерді алу үшін нұсқаулық ретінде қолданылатын талаптарды түсіндіру жеткілікті.

3.6.5.1 SVI3 теңшеу

Жарылыстан қорғалған немесе стандартты енгізу/шығару жүйелерін қолданатын басқару жүйелерінде, сымдардағы ысырапты ескере отырып, 20 мА-де 9 В-тан жоғары болатын жұмыс кернеуі диапазоны болуы керек. 112-беттегі «Бөлінген диапазонда қолдану» бөлімін қараңыз.

Ұшқын қауіпсіздігі принциптерін қолданатын типтік басқару жүйелерінің жұмыс кернеуі 17,64 В-тан жоғары болуы керек.


Жүйені теңшеудің типтік схемалары 44-беттегі 25-суретте жалпы мақсаттағы схемалар үшін және жарылыстан қауіпсіз аймақтарда (Ex d) орнату үшін, сондай-ақ 45-беттегі 26-суретте ұшқын қауіпсіз тізбектерде орнату схемалары үшін көрсетілген. SVI3 клапанының цифрлық позиционері жалпы мақсаттағы аймаққа немесе жарылыстан қорғау әдістерінің (Ex d) талаптарына сәйкес қорғалған қауіпті аймаққа орналастырылуы мүмкін. Қосылыс схемалары жалпыланған болып табылады. Нақты сымдар нұсқаулықтың «Электрмонтаждау» бөлімінің талаптарына және жергілікті электртехникалық нормаларға сәйкес келуі керек. Жарылыстан қорғау әдістерінің (Ex d) талаптарына сәйкес қорғалған қауіпті аймақта ықшам коммуникаторды немесе HART® модемін пайдалануға жол берілмейді.

Технологиялық процесті басқару жүйесі мен кіріс сигналының көзі қауіпсіз жерде болғандықтан, монтаждау кезінде технологиялық процесті басқару жүйесі мен SVI3 арасында ұшқын қауіпсіздігі тосқауылын орнату қажет. Егер SVI3 ұшқын қауіпсіз қорғанысы бар қауіпті аймақта орналасса, онда жарылыстан қауіпсіз орнату үшін тосқауыл қажет емес.


Балама ретінде, жүйені жарылыстан қорғалған/жарылыс өткізбейтін деп орнатуға болады.

SVI3 құрылғысы, ValVue бағдарламалық жасақтамасы орнатылған қашықтағы ДК-мен ДК-нің тізбекті портына қосылған HART модемі арқылы деректер алмаса алады. Ұшқын қауіп жоқ ДК, егер клапан жарылу қауіпі бар аймақта орналасқан болса, ұшқын қауіпсіздігі тосқауылының қауіпсіз жағындағы тізбекке қосылуы керек.

SVI3 полярлыққа сезімтал, сондықтан оң шықпа оң (+) клеммаға, ал теріс шықпа теріс (–) клеммаға қосылуы керек. Егер сіз енгізу клеммаларының орындарын шатастырып алсаңыз, бұл зақым келтірмейді, бірақ құрылғы жұмыс істемей қалады.



25-сурет — Жалпы мақсаттағы аймақта және жарылыстан қорғалған аймақта орнату



26-сурет — Ұшқын қауіпсіз монтаждау

3.6.5.2 Жерге тұйықтау тәсілдері

Тиісті жерге тұйықтауды қамтамасыз ету үшін корпус пен жерге тұйықтаудың қосылыстары кәсіпорында қабылданған стандартты жерге тұйықтау әдістеріне сай орындалғанына көз жеткізіңіз. Сигнал сымдарының экраны үшін бір нүктеден артық жерге тұйықтауға жол берілмейді. Әдетте, жерге қосу контроллерге немесе ұшқын қауіпсіздігі тосқауылына қосылады.

Корпустағы жерге тұйықтау бұрамалары корпустағы сыртында, қақпақтың төменгі оң жақ бұрышында және қақпақтың ішінде орналасқан. Корпус барлық схемалардан оқшауланған және қолданыстағы нормаларға сәйкес жергілікті жерге қосылуы мүмкін.

Егер кедергілер немесе тұрақсыздық болса, позиционерді MANUAL жұмыс істеу режиміне ауыстырыңыз және клапанның күйін бүкіл жүріс диапазонында қолмен белгілеңіз. Егер клапан MANUAL режимінде тұрақты жұмыс істесе, онда мәселе басқару жүйесіндегі кедергілерге байланысты болуы мүмкін. Барлық сым қосылымдары мен жерге тұйықтау нүктелерін қайта тексеріңіз.

Ескертпе. Дұрыс немесе тиісінше жерге тұйықталмаған қондырғылар басқару контурының жұмысында кедергі немесе тұрақсыздық тудыруы мүмкін. Ішкі электроника жерден оқшауланған. Жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін корпусты жерге қосудың қажеті жоқ, бірақ мұндай жерге қосу жергілікті ережелерге сәйкес қажет болуы мүмкін.

3.6.5.3 Бірыңғай босату тогы режиміндегі шығудағы кернеу диапазоны

SVI3 үшін 20 мА-де 9,0 В, ал 4 мА-де 11,0 в қажет. Типтік зияткерлік құрылғылар көбірек ток кезінде КӨБІРЕК кернеуді қажет етеді. Ток беретін контроллерде аса жоғары ток кезінде қолжетімді кернеу АЗЫРАҚ болады. SVI3 көбірек ток кезінде АЗЫРАҚ кернеуді қажет ететінімен ерекшеленеді, бұл болса 20 мА-де небәрі 9 В қажет болған кезде көздің сипаттамаларын аса ыңғайлы етеді. 112-беттегі «Бөлінген диапазонда қолдану» бөлімін қараңыз.

46-беттегі 4 — 6 кестелерде бірнеше SVI3 қондырғыларының мысалдары және 20 мА-де 9 В беру үшін қажетті шығыс кернеуінің диапазонын есептеу келтірілген.

4-кесте — 22 AWG кабелі бар Зенер диодтарындағы бір арналы тосқауыл үшін шығыс кернеуінің диапазоны

20 мА сигнал кезінде SVI3 басқару клеммаларындағы кернеу	9,0 В
Соңғы нүктелер арасындағы кедергісі 342 Ом болатын Зенер диодтарындағы бір арналы тосқауылдың төмендеуі	6,84 В
Кабельдегі төмендеу 22 AWG, ұзындығы 3000 фут (1000 футқа 30 Ом)	1,8 В
Енжар HART® сүзгісіндегі төмендеу	0,0 В
Контроллердегі қажетті кернеу	17,64 В

Қорытынды: басқару жүйесіндегі шығыс кернеуінің диапазоны 17,64 В-қа тең немесе одан жоғары болуы керек; сәйкестікті тексеру үшін ҮБЖ жеткізушіге хабарласыңыз.

5-кесте — 22 AWG кабелі бар гальваникалық айрыққа арналған шығыс кернеу диапазоны

SVI3-тегі 20 мА ауқымындағы кернеу	9,0 В
Кабельдегі төмендеу 22 AWG, ұзындығы 3000 фут (1000 футқа 30 Ом)	1,8 В
Айрықтағы қажетті кернеу	10,8 В
700 Ом кезінде 22 мА беруге арналған айрықтан кейін қолжетімді кернеу	13,2 В
Контроллердегі қажетті кернеу	Қолданылмайды — Айрық қуат береді

Қорытынды: шығыс кернеуінің диапазонында проблема жоқ, өйткені айрық барлық қажетті кернеуді қамтамасыз етеді.

6-кесте — HART® сүзгісі, резисторы және 18 AWG қималы сымы бар тосқауылсыз қуат блогының шығыс кернеуі

SVI3-тегі 20 мА ауқымындағы кернеу	9,0 В
Резисторда төмендеу 220 Ом	4,4 В
Кабельдің төмендеуі 18 AWG, ұзындығы 6000 фут (1000 футқа арналған 12 Ом)	0,6 В
Енжар HART® сүзгісіндегі төмендеу	2,3 В
Контроллердегі қажетті кернеу	16,3 В

Қорытынды: басқару жүйесінде қуат көзінің шығыс кернеуі 16,3 В-қа тең немесе одан жоғары болуы керек; сәйкестікті тексеру үшін ҮБЖ жеткізушісіне хабарласыңыз.

3.7 Қуатты қосу

Ескертпе. Қуатты қоспас бұрын, ES-817 бұйымының қауіпсіздік нұсқаулығында көрсетілген барлық қауіпсіздік талаптарының орындалғанына көз жеткізіңіз. Сонымен қатар, 1.2 «SVI3 бұйымының қауіпсіздігі» бөлімін орындаңыз

3.7.1 Пневматикалық ашылатын және пневматикалық жабылатын жетектер

3.7.1.1 Пневматикалық ашу / пневматикалық жабу (АТО/АТС)

Позиционер «пневматикалық ашылу», (АТО) немесе «пневматикалық жабылу», (АТС) үшін жұмыс істеу үшін конфигурациялануы керек Бұл параметр * түймесімен ауыстырылады.

Жетектің АТО немесе АТС-де теңшелгенін анықтау үшін келесі сынақты орындаңыз:

1. Позиционерге беру желісінде номиналды жетек қысымын жасаңыз.




Реттеуші клапанның сипаттізінде көрсетілген жетектің номиналды қысымынан аспаңыз. Бұл клапан сояуышына, білікке немесе ысырмаға зақым келтіруі мүмкін

2. Электр кіріс сигналын (4–20 мА) позиционерден ажыратыңыз немесе оны 3,6 мА-ден төмен етіп орнатыңыз.
3. Реттеуші клапанның күйіне назар аударыңыз. Егер клапан:
 - Жабық болса — жетек АТО режимінде жұмыс істейді.
 - Ашық болса — жетек АТС режимінде жұмыс істейді.

3.7.1.2 Жетектің әрекеті


Басқару жүйесіндегі әрбір басқару айнымалысына + немесе – белгісін дұрыс тағайындау маңызды. Тіпті реттеуші клапанның ішкі жүйесі де күрделі болуы мүмкін. 27-суретте және 28-суретте SVI3 бар клапандарды пайдалану кезінде «пневматикалық ашу» (АТО) және «пневматикалық жабу» (АТС) жетектерінің әрекеті көрсетілген. Суреттерде сызықтық және пайыздық сипаттамалары бар тікелей әрекет ететін позиционер көрсетілген. Жетек қысымының сигналы үшін типтік жетектердегі үйкелістен туындаған кейбір гистерезис көрсетілген. Масштабтар, кіріс тогы мен жетектегі қысым арасындағы өзара байланысты көрсететіндей етіп таңдалады, сондықтан клапанның істен шығудан қауіпсіз күйі әр графиктің төменгі сол жағында көрсетілген. АТС режиміндегі клапан үшін 4 мА сигналы күтілетін 0 % емес, 100 % клапан жүрісін білдіретінін ескеріңіз. Контроллер және басқа адам-машина интерфейстері клапанның 4 мА-де 100 %-ға ашық екенін және 20 мА-де 0 %-ға жабық екенін дұрыс көрсетуі керек. Графикте клапанның қозғалысы мен жетектегі қысым көрсетілген, мұнда герметикалық айыру (T.S.) опциясы осы мысалдағыдай шамамен 5 % деңгейінде белгіленген. Клапанның қозғалысы мен жетек қысымы төмен токтың үзілу нүктесінде шамамен 3,6 мА деңгейінде көрсетілген, одан төмен болған жағдайда позиционер қуат тұрақтанғанға дейін өз теңшелімдерін инициализациялайды.

Позиционер кірісі, жетектегі қысым және клапанның қалпы арасындағы өзара байланыс
СЫЗЫҚТЫҚ сипаттамасы бар тікелей әрекет позиционері



27-сурет — Сызықтық сипаттамасы бар АТО және АТС жетегінің әрекеті

Позиционер кірісі, жетектегі қысым және клапанның қалпы арасындағы өзара байланыс
ТЕҢ ПАЙЫЗДЫҚ (50) СИПАТТАМАСЫ бар тікелей әрекет позиционері



28-сурет — Тең пайыздық сипаттамалары бар АТО және АТС жетегінің әрекеті

3.7.2 Қуатты қоспас бұрын

SVI3 қуатын қоспас бұрын, барлық электрлік және пневматикалық қосылыстардың SVI3 ES-817 бұйымының қауіпсіздік нұсқаулығына сәйкес орындалғанына көз жеткізіңіз.

Ескертпе. Қауіпті аймақтарда орнату туралы ақпаратты 89-беттегі «Техникалық сипаттамалар және анықтамалық құжаттар» бөлімінен қараңыз.

3.7.3 SVI3 қуатын қосу

SVI3 қуатын қосу үшін:

1. Басқару контурының сымдарын қосыңыз. 37-беттегі «Басқару контурына қосылу» бөлімін қараңыз.
2. Токты 12 мА-ге дейін реттеңіз. Жаңа ғана орнатылған SVI3 қуатын бірінші рет қосқан кезде, позиционер NORMAL режимінде іске қосылады және әдепкі зауыттық конфигурацияда жұмыс істейді. Келесі мәндер пайда болады:

- POS (пайыз түріндегі күй)
- PRES: (Қысым — өлшем бірлігі және шамасы)
- СИГНАЛ — мА түріндегі ток кірісі

Леп белгісі (!) дисплей терезесінің жоғарғы сол жақ бұрышында аспаптың күйі бойынша басқа деректердің көрсетілуі қолжетімді екенін білдіреді.

3. Калибрлеу мен баптауды орындаңыз.

Ескертпе. Егер жергілікті түймелерсіз және дисплейсіз SVI3 құрылғысына тапсырыс берілсе, онда жергілікті басқару қолжетімді емес. ValVue БЖ арқылы DTM SVI3 көмегімен немесе HART коммуникаторын пайдаланып, DD SVI3 файлдары көмегімен баптау мен калибрлеуді орындаңыз.

4. Цифрлық интерфейстерді пайдалану

4.1 Жалпы шолу

Бұл бөлімде SVI3 байланысу, баптау және калибрлеуінің үш тәсілінің сипаттамасы келтіріледі. Зияткерлік клапан интерфейсі мыналарды қамтамасыз етеді:

- Шеткі тоқтату нүктелері мен баптау параметрлерін автоматты түрде калибрлеу
- Кеңейтілген диагностика және онлайн-диагностика деректерін есептеу, сақтау және талдау
- Технологиялық процесті басқарудың дәлдігін арттыру
- Аса маңызды ақпаратты жергілікті көрсету және қашықтан беру

Төменде келтірілген қолжетімді үш байланыс құралы функционалдылықтың жоғары деңгейлерін қамтамасыз етеді:

- Жергілікті дисплей және түймелер
- ValVue3 бар SVI3 DTM
- SVI3 үшін DD файлы жүктелген HART® қолдайтын кез келген хост

4.1.1 ValVue БҚ бар SVI3 DTM

ValVue, пайдаланудың қарапайымдылығы мен позиционердің жұмысын автоматтандыру және барлық деректерге толық қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін SVI3 функциялары бар ДК мүмкіндіктерін біріктіреді. ValVue веб-сайттан (<https://valves.bakerhughes.com/resource-center>) жүктеледі және ДК-ні немесе ноутбукты пайдалануға болатын жерде баптау, пайдалану және қызмет көрсету үшін ұсынылады. DTM, ValVue-мен немесе кез келген FDT қолданбасымен немесе DTM құралдарын қолдайтын басқару жүйесімен оңай біріктірілуі мүмкін.

4.1.2 HART коммуникаторларына арналған SVI3 DD

SVI3 DD — бұл құрылғының сипаттама файлы. DD файлы ықшам коммуникатордағы мәзірдің пішіні мен мазмұны сияқты құрылғының сипаттамалары мен функцияларын сипаттайды. SVI3 DD қолжетімді және оны осы сайттан жүктеп алуға болады: <https://valves.bakerhughes.com/resource-center> Қосымша ақпарат алу үшін 52-беттегі «Жергілікті интерфейстер мен конфигурациялар» бөлімін қараңыз

4.1.3 Жергілікті дисплей және түймелер

Ең негізгі және қарапайым цифрлық интерфейс SVI3-ке орнатылған түймелер мен жергілікті дисплей блып табылады. Ол кез келген уақытта қолжетімді және көптеген баптау, калибрлеу параметрлеріне және ақаулық туралы хабарларға дереу жергілікті қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ол бұйымның зауыттық тақтасында көрсетілгендей, бекітілген қауіпті аймақтарда пайдалану үшін сертифицирталған.

Сонымен қатар, қалыпты режимде жергілікті дисплейде тағайындама, қысым және күй туралы ақпарат көрсетіледі.

4.2 ValVue бар SVI3 DTM көмегімен баптау және калибрлеу

ValVue — конфигурацияны баптауға арналған ең толық және қолдануға оңай құрал. ValVue веб-сайттан (<https://valves.bakerhughes.com/resource-center>) жүктеледі және SVI3 конфигурациясын баптауға және калибрлеуге арналған интерфейс болып табылады. Бұл құралдарды пайдалану ұсынылады. SVI3 диагностикалық функцияларын баптау, калибрлеу және пайдалану бойынша ең толық нұсқаулар алу үшін SVI3 DTM пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

4.3 Жергілікті интерфейс пен конфигурациялар

Бұл бөлімде графикалық СК-дисплей мен түймелерден тұратын қосымша жергілікті интерфейс қарастырылады. SVI3 клапандарының цифрлық позиционерін жергілікті құрылғы ретінде басқару 53-беттегі 29-суретте көрсетілгендей құрылғыға орнатылған қосымша түймелер мен цифрлық дисплей көмегімен жүзеге асырылады. Дисплей арқылы кіріс сигналын, клапанның күйін және жетектегі қысымды салыстырып оқуға, сондай-ақ құрылғыдағы ақаулар/ескертулер туралы хабарландыруларды алуға болады.





Түймелердің көмегімен сіз кез келген уақытта жұмыс режимінен шығып, осы бөлімде одан әрі сипатталған қолмен басқару, калибрлеу, конфигурациялау және мониторингтеу функцияларының кең спектрін орындау үшін мәзір құрылымынан өте аласыз. ValVue диагностиканың барлық функцияларын орындау үшін қолданылады. Түймелер диагностикалық функцияларды қолдамайды.


SVI3 келесі екі жұмыс режиміне ие: NORMAL (қалыпты жұмыс режимі) және MANUAL (қолмен жұмыс режимі). Қолмен режимде калибрлеу мен баптауды орындау үшін баптаулар (Setup) ішкі мәзірін пайдалануға болады. SVI3-те ақауларды жою және қуатты қосу үшін келесі екі режим бар: Қалпына келтіру және істен шығудан қауіпсіз режим.

SVI3-те *Smart Cal* (Зияткерлік калибрлеу) қосымша функциясы бар. Бұл функция құрылғының алдыңғы жағындағы *Smart Cal/Back* түймесі арқылы қосылады. *Smart Cal* құрылғыны клапан мен жүйенің конфигурациясына негізделген жұмыс параметрлерінің оңтайлы жинағымен конфигурациялайды.

4.3.1 Түймелер

Жергілікті түймелер тікелей дисплей терезесінің астында орналасқан. Төрт түйме келесі функцияларды орындайды:

-  мәзір құрылымы бойынша алға, келесі мәзір тармағына өтуге немесе қазіргі уақытта цифрлық дисплейде көрсетіліп жатқан мәнді арттыруға мүмкіндік береді. Соңғы жағдайда, осы түймені ұзақ басып тұрған кезде, мән жоғары жылдамдықпен артады.
-  мәзір құрылымы бойынша алдыңғы мәзір тармағына кері оралуға немесе қазіргі уақытта цифрлық дисплейде көрсетіліп жатқан мәнді азайтуға мүмкіндік береді. Соңғы жағдайда, осы түймені ұзақ басып тұрған кезде, мәнің жоғары жылдамдықпен төмендеуі байқалады.
-  *Smart Cal/Back* *Smart Cal* зияткерлік калибрлеу процедурасын іске қосады (67-беттегі «FAILSAFE (ІСТЕН ШЫҒУДАН ҚАУІПСІЗ РЕЖИМ) мәзірі» бөлімін қараңыз). Ұстап тұру: Калибрлеуді болдырмау және басты экранға оралу үшін *Smart Cal/Back* түймесін сегіз секундтан артық басып тұрыңыз. Бұл түймеде де қосымша кері қайтару функциясы бар. Басты мәзірге оралу орындалады.
-  қазіргі уақытта көрсетілген мәнді немесе параметрді таңдауға немесе қабылдауға мүмкіндік береді.



29-сурет — SVI3 дисплей

Ескертпе. Леп белгісі (!) SVI3 дисплейі терезесінде құрылғының мәртебесі қолжетімді екенін білдіреді.

Белгілі бір параметр мәнін немесе конфигурация опциясын қалай көрсету және таңдау керектігін анықтау үшін 56-беттегі 31-суретте және 58-беттегі 32-суретте көрсетілген мәзір құрылымының схемаларын қараңыз. Осы схемаларды карта ретінде қолдана отырып, мәзірді өзіңіз қалаған функцияға қарай жылжыта аласыз.

Ескертпе. Егер түймелер SVI3 DTM құлыптауынан кейін басылса, LOCKED (ҚҰЛЫПТАЛҒАН) хабарламасы пайда болады. Түймелердің құлпын ашу нұсқауларын SVI3 DTM нұсқаулығынан қараңыз.

4.3.2 NAMUR мәртебесі

SVI3-те сигнал күйін көрсету үшін NAMUR (NE 107) өнеркәсіптік стандарты қолданылады. Бұл сигналдар жергілікті дисплейде де, ValVue 3-те де көрсетіледі. Барлық ықтимал ақаулар 76-беттегі 5.2.1 «Құрылғы күйін диагностикалау» бөлімінде анықталған. Әрбір ақаулық келесілердің бірі ретінде анықталады:

Іркіліс	Тексеру функциясы	Рұқсат етілген диапазоннан шығу	Техникалық қызмет көрсету
			

30-сурет — NAMUR белгішелері

Бұл күй сигналдары келесідей анықталады:

Ақау

Далалық құрылғының немесе оның перифериялық құрылғыларының дұрыс жұмыс істемеуіне байланысты шығыс сигналы жарамсыз.

Тексеру функциясы:

Құрылғыдағы ағымдағы жұмыстарға байланысты шығыс сигналы уақытша жарамсыз (мысалы, мұздатылған).

Рұқсат етілген диапазоннан шығу:

Өзін-өзі бақылау арқылы құрылғының өзі анықтайтын қоршаған ортаның немесе технологиялық процестің рұқсат етілген жағдайларынан ауытқулар немесе құрылғының өзіндегі ақаулар датчиктерді өлшеу дәлсіздігі немесе жетектердегі берілген мәннен ауытқу — пайдалану жағдайында күткеннен үлкен болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Техникалық қызмет көрсету қажет:

Шығыс сигналы жарамды болғанымен, тозу қоры таусылды немесе пайдалану жағдайларына байланысты функция жақын арада шектеледі

4.3.3 Түймелерді құлыптау және конфигурацияны құлыптау далдасасы

Осы функциялардың кез келгенін жергілікті дисплей көмегімен орындамас бұрын, алдымен түймелердің SVI3 DTM көмегімен құлыптан босатылған режимге қойылғанына көз жеткізу керек. Позиционер құлыптан босатылған режимде жеткізіледі. Қосымша ақпарат алу үшін SVI3 DTM нұсқаулығын қараңыз.

SVI3 өндірістік қондырғының қауіпсіздігінің бірнеше деңгейін қамтамасыз етеді. SVI3 параметрлерін басу арқылы кездейсоқ өзгерту мүмкін болмауы үшін, бастапқы баптаудан кейін түймелерді құлыптау қажет болуы мүмкін. Бағдарламалық түрлендірілетін түймеді құлыптардың бірнеше деңгейлері көзделген.

7-кесте — Түймелі құлып — қауіпсіздік деңгейі

Деңгей	Кіру
Қауіпсіздік деңгейі 3	Жергілікті түймелерге рұқсат беру. SVI3 түймелері толығымен қосылған.
Қауіпсіздік деңгейі 2	Жергілікті калибрлеу мен баптауды құлыптау. Түймелерді қалыпты жұмыс және қол режимдерінде операцияларды орындау үшін пайдалануға болады. Калибрлеуге және конфигурацияға қолжетімділік жоқ. Қол режимі және қалыпты режим қолжетімді. Калибрлеу функцияларына кіру, режим баптаулары және Smartcal өшірілген.
Қауіпсіздік деңгейі 1	Жергілікті қол режимін құлыптау: параметрлерге қалыпты жұмыс режимінде кіру қамтамасыз етіледі. Калибрлеу, баптау және қолмен басқару режимдеріне, сондай-ақ Smartcal режиміне кіру мүмкіндігі алынып тасталған. Бұл деңгей құрылғы баптау режимінде болған кезде орнатылса, құрылғы қалыпты жұмыс режиміне ауыстырылмайынша, ол құлыптан босатылған күйде қала беретінін ескеріңіз.
Қауіпсіздік деңгейі 0	Түймелерді толық құлыптау. Түймелер өшірілген.

4.3.4 Аппараттық конфигурацияны құлыптау

Қосымша қауіпсіздік суретте 38-беттегі 17-суретте көрсетілген конфигурацияны механикалық құлыптау далдасасы көмегімен қамтамасыз етіледі. Екі түйіспелі ұстағышты тұйықтау арқылы құлыптау күйіне орнатқан кезде, конфигурацияны баптау және калибрлеу жергілікті интерфейс арқылы да, түймелерді, ValVue және ықшам құрылғыларды қоса алғанда, қашықтағы байланыс құралдары арқылы да рұқсат етілмейді. Бұл «Түймелі құлып — қауіпсіздік деңгейі» кестесінде көрсетілген 1 қауіпсіздік деңгейіне ұқсас. Бұл жағдайда қалыпты режим параметрлерін көруге рұқсат етіледі.

4.3.5 Зияткерлік калибрлеуді орындау

SMART CAL — бұл көптеген клапандар үшін SVI3 конфигурациялау мақсатында қолданылатын бір түйменің көмегімен калибрлеу реттілігі. Осы реттілікті орындау арқылы, SVI3 орын ауыстыру диапазонын автоматты түрде калибрлейді және клапанның жұмыс процесін оңтайлы басқару үшін автоматты түрде бапталады. Кеңейтілген баптау үшін 4.3.3 «Түймелерді құлыптау және конфигурацияны құлыптау далдасасы» бөлімінде көрсетілгендей кірістірілген мәзірлерді пайдалануға өтіңіз

1. MANUAL немесе NORMAL режимі үшін басты экранда екеніңізге көз жеткізіңіз.
2. SMART CAL түймесін басып тұрыңыз. Оны ең кемі үш және ең көбі жеті секунд бойы ұстап тұру керек.

Дисплейде Smart Cal пайда болғанша түймені басып тұрыңыз, содан кейін зияткерлік калибрлеу процедурасын бастау үшін босатыңыз.

3. Smart Cal/Back түймесін босатыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ!

Калибрлеу кезінде клапан қозғалуы мүмкін

БОЛДЫРМАУ



ОК




Ескертпе. Егер жетек пневматикалық жабу (АТС) режимінде жұмыс істесе, пайдаланушылар тиісті кіріс сигналы (4–20 мА) клапанның күйіне (100 %–0 %) қатысты тұрғыда дұрыс масштабталғанына көз жеткізу үшін түймелер мәзірінде әрекетті АТС-ке өзгертуі керек.

4. Калибрлеуді бастау үшін * түймесін басып, болдырмау үшін Smart Cal/Back түймесін басыңыз.
5. Калибрлеу іске қосылған кезде күй көрсетілуі керек.
6. Калибрлеу аяқталғаннан кейін экранда tuneOK жазуы пайда болуы керек.

4.3.6 NORMAL және MANUAL жұмыс режимдерінің мәзірі

MANUAL режиміне өту үшін NORMAL режимінен шыққан кезде, клапан NORMAL режимінен шыққан кезде болған соңғы күйге орнатылады. MANUAL қолмен басқарылатын жұмыс режимінде құрылғы 4–20 мА сигналына жауап бермейді. Бұл ретте, SVI3 құрылғысы HART® пәрмендеріне, соның ішінде HART® пәрмендеріне клапанның қалпын өзгертуге жауап бере алады. NORMAL жұмыс режимінің мәзірінен VIEW DATA немесе VIEW ERR мәзіріне ауысқанда, клапан әлі де NORMAL режимінде қалады және 4–20 мА сигналына жауап береді.



31-сурет — Қалыпты (NORMAL) және қолмен (MANUAL) режимдердің мәзірі

4.3.7 VIEW DATA мәзірі

Бұл мәзірге MANUAL режимі мәзірінен немесе NORMAL режимі мәзірінен кіруге болады. VIEW DATA мәзірі ағымдағы конфигурация, калибрлеу және күй туралы ақпаратты оқуға мүмкіндік береді. Бұл ақпаратты VIEW DATA мәзірінде өзгерту мүмкін емес. VIEW DATA мәзірінен шығу алдыңғы мәзірге қайтарады.

Осыдан енгізу кезінде:


- NORMAL режимінен енгізгенде клапан әлі де кіріс сигналының өзгеруіне жауап береді және көрсетілетін мәндер кіріс сигналының өзгеруіне сәйкес өзгереді.
- MANUAL режимінен енгізгенде клапанның күйі бекітіледі.

4.3.7.1 Конфигурация және калибрлеу параметрлерін қарау

Конфигурация және калибрлеу параметрлерін көру үшін:

1. Құрылғы *NORMAL* режимінде болса, кез келген түймені басыңыз.
2. Мәзірдің VIEW DATA тармағына дейін жетпейінше, опциялар бойынша жылжу үшін + басыңыз.
3. * түймесін басып, *VIEW DATA (ДЕРЕКТЕРДІ ҚАРАУ)* мәзіріне өтіңіз. (Бұл жағдайда, бұл клапан *NORMAL* қалыпты режимде қалады.) MANUAL режимінде мәзірдің VIEW DATA тармағына дейін жетпейінше, + түймесін бірнеше рет баса беріңіз. * түймесін басып, *VIEW DATA (ДЕРЕКТЕРДІ ҚАРАУ)* режимін таңдаңыз.
4. *VIEW DATA* мәзірінен шығу үшін кез келген мәзір жолағында * түймесін басыңыз. Сіз соңғы болып көрсетілетін мәзірге оралғалы жатырсыз.

Таңдалған әрекетті болдырмау және навигация ағашында оның үстіндегі мәзір тарамағына оралу үшін кез келген уақытта Smart Cal/Back түймесін басыңыз.



32-сурет — VIEW DATA мәзірі

4.3.8 VIEW ERR диагностикалық хабарламалары

Диагностикалық хабарламалар *MANUAL* режимі мәзірінен немесе *NORMAL* режимі мәзірінен VIEW ERR функциясы көмегімен қаралады. VIEW ERR мәзір элементі ағымдағы күй туралы ақпаратты оқуға мүмкіндік береді.

Қате туралы хабарламаларды тазарту үшін:

1. *CLR ERR* тармағында немесе *MANUAL* режимі немесе *NORMAL* режимі мәзірінде * түймесін басыңыз. VIEW ERR мәзірінен шыққан кезде алдыңғы мәзірге оралу орын алады.

4.3.8.1 Қателер туралы хабарламаларды тазарту

Осы нұсқаулықтың 76-бетіндегі 10-кестеде көрсетілген қате кодтары мен хабарламаларды көру үшін осы VIEW ERR процедурасын пайдаланыңыз. Бұл түймелердің істен шығудан қауіпсіз режимін жою кезінде пайдалы.

1. VIEW ERR мәзір тармағына дейін жетпейінше, опциялар бойынша жылжу үшін NORMAL немесе MANUAL режимінде + түймесін баса беріңіз.
2. VIEW ERR мәзіріне өту үшін * түймесін басыңыз.
3. Күй мәндерінің тізімін көрсету үшін * түймесін басыңыз.
4. Тізім бойынша дәйекті түрде алға жылжу үшін + түймесін басыңыз.
5. Тізім бойынша артқа жылжу үшін – түймесін басыңыз.
6. Алдыңғы режимдегі VIEW ERR опциясына оралу үшін кез келген күй туралы хабарламада * түймесін басыңыз.
7. Clear ERR тармағына өту үшін + түймесін басыңыз.
8. Барлық хабарламаларды өшіру үшін * түймесін басыңыз (ұсынылады) немесе келесі опцияға өту үшін + түймесін басыңыз.

4.3.8.2 Позicionердің ақаулары туралы хабарламалар

76-беттегі 10-кестеде дисплейде пайда болатын ақаулық кодтары мен хабарламалар бар. Кестеде әр хабарламаның мәні және ақаулықтың ықтимал себебі де түсіндіріледі.

4.3.8.3 Қалыпты жұмыс режиміне оралу

Кіріс сигналы бойынша басқаруды жалғастыру үшін әрқашан позиционерді NORMAL жұмыс режиміне қайтарыңыз. Кез келген мәзірден NORMAL режиміне оралу үшін осы процедураны пайдаланыңыз.

1. MANUAL немесе NORMAL деген жазу пайда болғанша + немесе – түймесін бірнеше рет басыңыз.
2. NORMAL деген жазу пайда болса, NORMAL жұмыс режиміне оралу үшін * түймесін басыңыз.
3. MANUAL жазуы пайда болса, MANUAL режимі мәзіріне оралу үшін * түймесін басыңыз.
4. → NORMAL деген жазу пайда болғанша + түймесін бірнеше рет басыңыз.
5. NORMAL режиміне оралу және жұмысты қалыпты режимде жалғастыру үшін * түймесін басыңыз.

Ескертпе. Қалыпты режимнен ауысқан кезде клапан әлі де кіріс сигналының өзгеруіне жауап береді және көрсетілген мәндер кіріс сигналының өзгеруіне сәйкес өзгереді. MANUAL режимінен кірген кезде клапан құлыпталған күйде болады.


4.3.9 Баптаулар мәзірі

Калибрлеу белгілі бір конфигурация параметрлеріне байланысты болғандықтан, SVI3-ті бірінші рет орнатқан кезде, калибрлеу аяқталғанға дейін баптауды орындау қажет. Air-to-Open (пневматикалық ашу)/Air-to-Close (пневматикалық жабу) конфигурациясының параметрлерін өзгерткен кезде немесе SVI3-ті басқа клапанға қайта орнатқан кезде немесе клапанның күйін байланыстыруға қандай да бір өзгерістер енгізген кезде, шеткі тоқтау нүктелерін іздеумен қайта калибрлеу қажет.



Опцияны таңдау үшін * түймесін басыңыз. Қабылдау және келесі мәзір тармағына өту үшін + немесе — түймесін басыңыз.

0 %-да максималды жетек күшін қамтамасыз ету үшін герметикалық айыруды қосыңыз немесе өшіріңіз



33-сурет — Баптаулар мәзірі

4.3.9.1 Клапанның сипаттамалары

Позиционер, кіріс сигналы мен клапанның күйі арасындағы дұрыс қатынасты қамтамасыз ету үшін бапталуы керек. Бұл күй *сипаттамасы* деп аталады. 61-беттегі 8-кестеде позиционердің сипаттамаларын орнатуға арналған параметрлер тізімі берілген.

